



ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ ДАМУЫ

3

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №113 (6675) 23 желтоқсан, сейсенбі, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz



12+

ӘКІМ

АЛМАТЫ – ЕЛ СПОРТЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ ОРТАЛЫҒЫ

Үздік спортшылар марапатталды

Алматыда Beles Almaty 2025 спорт жылының қорытындысын шығару рәсіміне арналған салтанатты іс-шара өтті. Іс-шара Балуан Шолақ атындағы Спорт сарайында ұйымдастырылды.

Іс-шараға Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды қатысты. Құттықтау сөз сөйлеген мегаполис басшысы Алматының спортты дамытудағы маңызды рөліне, сондай-ақ спорт қауымдастығының қол жеткізген нәтижелерге қосқан үлесіне тоқталды.

«Алматы қазақстандық спорттың алтын бесігі ретінде әділ мойындалған және бұқаралық әрі кәсіби спортты дамытуда жоғары талап қоятын жетекші спорт орталығы болып қала береді», – деді қала әкімі.

Өз сөзінде әкім биыл қаладағы спорт саласы үшін маңызды болғанын атап өтті. Ол алматылық спортшылардың республикалық және халықаралық жарыстардағы табысты өнерін, сондай-ақ спортты ұзақ мерзімді дамытуға бағытталған ірі инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асырылып жатқанын айтты. Атап айтқанда, қалада алты дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып жатыр, «Медеу» биік таулы спорт кешенін жаңғырту жұмыстары жүргізілуде және 45 мың орынды жаңа стадионның құрылысы қолға алынған.

3



Суретті түсірген Kaiyap KOHbICBAEB.

САРАПТАМА

2025 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ҮДЕРІСТЕР

Жаһанның саяси келбеті қандай болды?



Коллажты жасаған Нұрболан ӨРІСҮЛІ

Трампп – жыл саясаткері

Егер «жыл саясаткері» деген атақ таңдалса, бұған сөзсіз АҚШ президенті Дональд Трамп лайық дер едік. Ол 2025 жылы 20 қаңтарда ресми түрде АҚШ-тың 47-президенті ретінде қызметіне кірісті. Оның қабылдаған шешімдері елдің ішкі және сыртқы саясатына, әлемдік саясатқа да әсер етті. 2025 жылы АҚШ-тың өзге елдермен және халықаралық ұйымдармен екіжақты қарым-қатынасы өзгерді. Вашингтон сауда әріптестеріне тарифтік бағаны қайта қарады. Трамптың тарифтік саясаты тіпті ұзақ уақыт бойы серіктес болған ЕО, G7 елдеріне де қолданылды. Басым көпшілік ел Вашингтонның тарифтік саясатына көнді. Бірінен соң бірі келісімге келді.



Дегенмен, АҚШ президентінің Қытайға қарсы экономикалық қысымы сауда соғысына ұласпады. 12 мамырда қысқа тарифтік өсімнен кейін

Вашингтон мен Бейжің 90 күнге оны өсірмеу туралы келісімге келді. 90 күн өткеннен кейін бұл келісім қарашаға дейін ұзартылды. Дегенмен, уақытша мәміле алдағы сауда соғысы алдындағы үзіліс болуы мүмкін. Трамп кабинеті осылайша Бейжіңді сынауы ықтимал. Мұның өзі алдағы 3 жылда екінші сауда соғысы болуы мүмкін деген болжамды күшейтеді. Себебі, АҚШ Қытайды негізгі бәсекелесі деп есептейді.

АҚШ-тың халықаралық ұйымдармен де қарым-қатынасы өзгерді. Мысалы, БҰҰ, НАТО, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, ЕО секілді бірлестіктермен байланыс сипаты өзгерді. Мұндай үдеріс ақпан айында өткен Қауіпсіздік мәселелері бойынша Мюнхен конференциясынан басталды. Онда АҚШ вице-президенті Д.Венс әлеммен қарым-қатынастың өзгеретіні туралы мәлімдеген.

2

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:



www.aqshamnews.kz



САРАПТАМА

2025 ЖЫЛҒЫ БАСТЫ ҮДЕРІСТЕР

Жаһанның саяси келбеті қандай болды?

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, АҚШ президенті әлемдегі қақтығыстарды реттеуге әрекет етті. Оның мәмілегерлік әрекеттері көп жағдайда сәтті болды. Мысалы, Әзербайжан мен Армения, Үндістан мен Пәкістан, Израиль мен ХАМАС арасындағы қақтығысты реттеді. Бірақ кейбір қақтығыстарды реттеуде сәтсіздікке ұшырады. Дегенмен, оның жыл саясаткері екеніне ешкім күмән келтірмес.

Әлем көз тіккен келіссөз

15 тамызда Аляскада АҚШ–Ресей саммиті өтті. Онда Д.Трамппен В.Путин кездесті. Олардың арасындағы кездесуге бүкіл әлем көз тікті. Мұндай жоғары деңгейдегі қызығушылыққа қарамастан кездесу дипломатиялық диалог ретінде тарихта қалды. Өйткені, негізгі тақырып болып саналатын Украина мәселесінде екі тарап мәмілеге келе алмады.

«Үшке үш» форматындағы келіссөз 2 сағат 45 минутқа созылды. Келіссөзге АҚШ тарапынан президент Д.Трамппен, ар-

найы елші С.Уиткофф және мемлекеттік хатшы М.Рубио, ал Ресей тарапынан президент В.Путин, оның көмекшісі Ю.Ушаков және СІМ басшысы С.Лавров қатысты.

Келіссөзде В.Путин Ресейдің ұстанымын жеткізуге тырысса, Д.Трамппен барынша Мәскеуді мәмілеге келтіруге әрекет еткен. Алайда, бұл кездесу сәтсіз аяқталды. Келіссөзден кейінгі баспасөз-брифингте екі президент те қысқа мәлімдеме жасап, журналистердің сұрақтарына жауап бермеді. Сондай-ақ, жоспарланған «беске бес» форматындағы жұмыс түскі асы болмады.

Тамыз айынан кейінгі саммиттен кейін екі тарап тағы да кездесуі мүмкін деген ақпарат болған. Алайда, жыл соңына дейін екінші кездесу өтпеді. 2026 жылы келіссөз болмауы да мүмкін. Себебі, Трамп келіссөз үдерісінен көңілі қалғанын бірнеше рет айтқан.

Аймақтану үдерісі күшейген жыл

Әлемде деглобализация коронавирустун кейін күшейе түсті. 2025 жылы бұл үдеріс жеделдеді. Бұған АҚШ-қа билікке

Д.Трамппың келуі түрткі болды. АҚШ халықаралық қатынастарда ең ықпалды ел болып саналады. Вашингтонның ішкі саясатқа бет бұрып, сыртқы саясатта өзге елдермен және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасының өзгеруі аймақтануды күшейтті.

Біз жоғарыда атап өткен қауіпсіздік мәселелері бойынша Мюнхен конференциясында әлеммен байланыс парадигмасы өзгерді. Енді АҚШ өз мойнына алған әлемдік жауапкершілікті ысырып тастады. Вашингтон үшін ұлттық мүдде негізгі басымдыққа айналды.

24-25 маусымда Гаагада өткен НАТО саммитінде де сыртқы саясаттағы өзгеріс айқын байқалды. Трамп кабинеті ұйымдағы қорғанысқа бөлінетін қаражат көлемін өзгертті. Бұған дейін ұйымға мүше елдер ЖІӨ-ң 2% қорғанысқа жұмсаған. Бұл АҚШ экономикасы тұрғысынан қарайтын болсақ, Вашингтонға әділетсіз болып көрінді. Осыған орай Трамп қорғанысқа бөлінетін қаражатты 3,5%-ға өсіруге қол жеткізді. Бұл ережені барлық мүше-мемлекеттер орындауы тиіс.

Биыл Азияда Ресей мен Қытай әріптестігі нығайып, аймақтану үдерісін күшейтті. Қытайдың төрағасы Си Цзинпиннің мамыр айында Ресейге жасаған ресми сапары екі ел арасындағы байланыстың берік екенін көрсетті. Бұл сапар ішкі аудиторияға ғана емес, әлем елдеріне сигнал болды. Шілдеде өткен BRICS саммиті де осы үдерістің бір бөлігі.

Осылайша 2025 жылы Трамп жыл саясаткері атағына лайық болды. Сәтсіз аяқталғанына қарамастан, Д.Трамппен В.Путиннің келіссөзіне бүкіл әлем көз тікті. Сондай-ақ, әлемде аймақтану үдерісі күшейді. Бұл үдеріс 2026 жылы жалғасуы мүмкін.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

ЖАҢА ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМ

интернет алаяқтарымен қалай күреседі?

Мемлекеттің ақпарат жүйесінде **Енді 1414 нөмірі арқылы жіберілетін SMS-кодтар қолданылмайды. Қауіпсіздікті күшейту мақсатында Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі Бас прокуратурамен бірлесіп тиісті шараларды жүзеге асырып жатыр. Мұндай өзгеріс кейінгі кездері жиілеп кеткен интернет алаяқтықтың алдын алу үшін бағытталған.**

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Осыған дейін кейбір мемлекеттік сервистерге бір реттік SMS-код арқылы кіруге мүмкіндік болған еді. Алайда, 1414 нөмірінен келетін хабарламалар арқылы азаматтардың жеке деректерін заңсыз иемдену жағдайы көбейген. Сондықтан ақпараттық жүйелерге SMS-кодтарды пайдаланбай кіру талаптарын қатаңдату тапсырылды. Енді 1414-ті қолданатын барлық ақпараттық жүйеге кіру тәртібі күшейтіледі. Қолжетімділік тек биометриялық аутентификация, электрондық цифрлық қолтаңба немесе eGov QR-коды арқылы ғана жүзеге асырылады. Биылғы желтоқсан айынан бастап аталған міндетті талаптарды енгізбеген жүйелер 1414 SMS-шлюзінен ажыратылды.

Айта кететін жайт, бұған дейін министрлік 1414 нөмірінен келетін SMS-кодтардың несие рәсімдеуге тікелей қатысы жоқ екенін ескерткен болатын. Бұл – алаяқтардың азаматтардың сеніміне кіру үшін қолданатын психологиялық айласы. Соның салдарынан жеке деректер ұрланып, алаяқтар несие немесе микрокредит рәсімдеуге пайдаланып жүр.

Электрондық үкімет порталы Қазақстанда 2012 жылдан бастап жұмыс істейді. Ал 1414 нөмірі біртіндеп мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланып, халықпен байланыс орнатудың негізгі арналарының біріне айналды. Кейінгі бесалты жылда кейбір мемлекеттік сервистерге кіру кезінде бір реттік SMS-кодтар кеңінен қолданыла бастады. Бұл кодтар азаматтар тіркелген телефон нөміріне 1414 арқылы жіберілетін. Уақыт өте келе бұл тәсілдің әлсіз тұстары анықталды. Кибералаяқтар SMS-кодтарды алып, фи-



(Сурет ЖИ өнімі).

шинг, SIM-картаны ауыстыру сияқты әдістер арқылы азаматтардың жеке деректеріне қол жеткізе бастады.

Көптеген елдер SMS арқылы жіберілетін бір реттік кодтардан біртіндеп бас тартып жатыр. Себебі, бұл әдіс қазіргі киберқауіп өршіген заманда жеткілікті деңгейде қорғаныс бола алмайды. Мәселен, Еуропа Одағы елдерінде SMS-кодтар тек қосымша фактор ретінде ғана қарастырылады, аутентификация биометрия немесе арнайы цифрлық құралдар арқылы жүзеге асады. Сингапур мен бірқатар Азия елдерінде мемлекеттік және қаржылық сервистер қауіпсіз қосымшалар мен цифрлық жүйеге көшкен. Балтық елдерінде, әсіресе, Эстонияда мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу үшін Smart-ID және цифрлық сәйкестендіру жүйелері қолданылады. Қазақстанда да

1414 SMS-кодтардан бас тарту жеке деректерді қорғап, интернет-алаықтыққа тосқауыл қою үшін жасалған амал. Цифрлық қауіпсіздік талаптары күшейген сайын, азаматтардың да сауаты мен жеке деректеріне деген жауапкершілігі артуы тиіс.

Заңгер Шаһризада Мәдіхан 1414 SMS-кодтардан бас тарту – алаяқтықтың алдын алудағы маңызды қадам деп санайды.

Қолайсыз тұстары да бар

«Кибералаяқтық – ең көп таралған қылмыс түрлерінің бірі. Бұл әрекеттер Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 190-бабымен қаралады. Соңғы уақытта кибералаяқтар 1414 нөмірінен келетін хабарламаларды, сондай-ақ банктердің ішкі жүйелеріндегі осал тұстарды пайдаланып, заңсыз әрекеттерге барады. Сол үшін де биыл 1414 арқылы байланыс жасап, ақпарат алатын тетікті тереңірек зерттеп, қауіпсіздік шараларын күшейту күн тәртібіне шықты. eGov порталына кіру бір реттік код арқылы жүзеге асады», – дейді заңгер.

Маманның айтуынша, бұл өзгерістердің қолайсыз тұстары да бар. Атап айтқанда, кейбір қызметтерді алу процесі біраз уақыт алуы мүмкін. Бірақ оның қауіпсіз жағы әлдеқайда маңызды екенін ескеру керек.

«Алаяқтардың құрбаны болмас үшін ең алдымен қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау қажет. Біріншіден, 1414 нөмірінен немесе өзін банк қызметкері ретінде таныстырған кез келген адам жіберген хабарламадағы кодтарды бөгде адамға айтуға болмайды. Екіншіден, өзін құқық қорғау органы немесе мемлекеттік мекеме қызметкерімен деп таныстырған адамдармен мессенджерлер мен бейнеқоңыраулар арқылы байланыс орнатудан бас тарту қажет. Үшіншіден, банк шоттары, депозиттер және жеке кабинеттерге қатысты барлық код тек ресми банк өкілдерімен тікелей байланыс барысында ғана қолданылуы тиіс. Сондай-ақ, егер жақын күндері несие алу жоспарда болмаса, eGov порталы арқылы несие рәсімдеуге тыйым салатын қызметті алдын ала қосып қойғаны жөн. Кибералаяқтар несие рәсімдей алмас үшін қолданылатын ең тиімді әдіс осы», – дейді Шаһризада Мәдіхан.

Қылмыстардың ашылуы екіталай

Заңгердің тәжірибесінде кибералаяқтыққа қатысты істер жиі кездеседі екен. Көп жағдайда алаяқтар өзін салық органының, «Қазпоштаның» немесе басқа мемлекеттік құрылымдардың өкілі ретінде таныстырып, кодтарды алдау арқылы несие рәсімдеген несиелерді кешірілуі мүмкін. Мұндай жағдайда бірден полиция басқармасына арыз жазылып, жәбірленуші ретінде тану туралы қаулы алынады. Сонымен қатар, «Банк қызметі туралы» заңның 34-бабының 15-тармағына сәйкес несиелік міндеттемелерді уақытша тоқтату жөнінде банкке өтініш беріледі.

Мұндай қылмыстардың барлығы бірдей ашыла бермейді – дейді спикер. Қазіргі Сенатта қаралып жатқан заңнамалық өзгерістерге сәйкес, алаяқтық жолмен рәсімделген несиелер кешірілуі мүмкін.

«Мәселенің түп-тамыры – құқықтық сауаттың төмендігінде. Сондықтан білікті заңгерлердің басын қосып, осы бағытта арнайы орталықтар ашу керек. Мектептер мен жоғары оқу орындарында құқықтық сауаттылықты арттыратын оқыту бағдарламаларын енгізу қажет. Кибералаяқтық халықаралық сипат алып барады. Сондықтан оған қарсы күресте барша жұрт болып, бірлесіп әрекет ету аса маңызды», – деді маман.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МЕГАПОЛИС

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫ ДАМУ

Алматыдағы жұмыс сапарында Аида Балаева нақты тапсырмалар берді

Алматыдағы жұмыс сапары барысында Премьер-министрдің орынбасары – ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваның төрағалығымен әлеуметтік саланы дамыту мәселелері бойынша бірқатар кеңес өтті. Жұмыс сапары аясында білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау жүйелерін дамытуға қатысты негізгі мәселелер, сондай-ақ цифрлық жүйелерді енгізу және әлеуметтік саладағы жұмысты тиімді ету шаралары қаралды.

Премьер-министрдің орынбасары Мемлекет басшысының тапсырмаларын сапалы орындау үшін орталық және жергілікті атқарушы органдар өзара тығыз байланыс орнатып, әр әлеуметтік саясат бағыты бойынша бірлескен кешенді жоспарлар әзірлеу қажет екенін айтты. Сапардың басты іс-шарасы Алматы қаласының атқарушы органдары мен қала әкімі Дархан Сатыбалды қатысқан жиын болды.

Отырыс барысында денсаулық сақтау, оқу-ағарту, туризм және спорт министрлері, сондай-ақ еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, ғылым және жоғары білім вице-министрлері баяндама жасады. Вице-премьер А.Балаеваға мегаполистегі әлеуметтік сала бойынша кешенді талдау нәтижелері таныстырылып, негізгі мәселелер мен сұрақтар анықталды, сондай-ақ жүйелі шешімдер ұсынылды.

Жиын барысында цифрландыру мәселелеріне де

ерекше назар аударылды. Цифрлық жүйе енгізілген соң, жекеменшік балабақшалар мен мектептердегі білім беру үдерісін ұйымдастыру барысында заңбұзушылықтар анықталды. Атап айтсақ, жалған есеп пен іс жүзінде жұмыс істемейтін қызметкерлер анықталды. Нәтижесінде жеті жекеменшік мектеп мемлекеттік білім беру тапсырысына қатыса алмады.

Осыған байланысты Премьер-министрдің орынбасары цифрландыру тәртіп орнатуға және жұмыс үдерістерін тиімді етуге қажет құрал екенін атап өтті.

«Қазақстан цифрлық мемлекетке айналуы тиіс. Цифрландыру мен жасанды интеллектінің белгілі бір қиындықтарымен қатар, артықшылықтары да бар. Біз осы артықшылықтарды, ең алдымен, жұмыс үдерістерін оңтайландыру үшін пайдалануымыз керек. Тіпті кей цифрлық жүйелер мектепке дейінгі және орта білім беру саласындағы жалған тіркелген азаматтар мәселесінің ауқымын көрсетті. Біз барлығын бірдей айыптағымыз келмейді, бірақ жүйеге және жалпы мұғалімдер қауымына кедергі келтіріп отырған басқарушылар бар», – деді Аида Балаева.

Ол, сондай-ақ, мектептің тәрбиелік рөлін күшейтудің маңызына тоқталып, Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан» мен «Таза Қазақстан» қағидаттарын жүйелі түрде енгізу қажеттігін айтты. Жиын барысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне де ерекше назар аударылды. Қаланың денсаулық сақтау саласында кадр тапшылығы, инфрақұрылым жағдайы және көрсетілетін қызметтердің сапасы сынды мәселелер қаралды.

Вице-премьердің Алматы қаласындағы жұмыс сапары барысында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясының ғалымдарымен кездесу өтті. Жиында академияның арнайы мәртебесі мен мүмкіндіктері бола тұра, оның әлеуеті толық пайдаланылмай отырғаны айтылды. Осыған байланысты Академияның мемлекеттік басқару мен экономика жүйесіндегі рөлін қайта қарау қажет екені атап өтілді. Осы орайда Ұлттық Ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев қазіргі ғылыми басымдықтар дұрыс белгіленбеген, салдарынан ресурстар шашырап, маңызды бағыттарға жеткілікті көңіл бөлінбейтінін жеткізді.

Ал Алматы қаласында университет ректорлары мен ғылыми-зерттеу институттарының басшыларымен өткен кенесте қаладағы ғылыми және кадрлық әлеует жоғары болғанымен, университет ғылымы мен экономика сұранысы арасында алшақтық бар екені айтылды.

Осыған байланысты әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Жансейіт Түймебаев университетте 8 ғылыми-зерттеу институты, 39 ғылыми орталық және 140-тан астам зертхана жұмыс істейтінін, шамамен 400 ғылыми жоба жүзеге асырылып жатқанын жеткізді.

Алматыдағы жұмыс сапары барысында А.Балаева бірқатар нақты тапсырма берді. Білім беру саласында кадрлық құрам анықтау үшін сауалнама жүргізу, оқыту сапасын арттыру жоспарын әзірлеу, бастауыш білім мен колледждер жүйесіндегі жұмысты күшейту, сондай-ақ жасанды интеллектіні кезең-кезеңімен енгізу және оны педагогтерді оқыту жоспарын дайындау тапсырылды.

Әлеуметтік қорғау саласында деректерді цифрлық жүйемен салыстыруды жалғастыру және қолдау шараларының нақты бағытталғанын қамтамасыз ету тапсырылды. Сондай-ақ, халыққа осы шараларды жүйелі түрде түсіндіру қажеттігі айтылды.

Әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

ӘКІМ

АЛМАТЫ – ЕЛ СПОРТЫНЫҢ ЖЕТЕКШІ ОРТАЛЫҒЫ

Үздік спортшылар марапатталды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖЕҢІС ЖЫЛНАМАСЫ

Алматы қаласында жыл қорытындысына арналған маңызды спорттық-бұқаралық іс-шара – «Beles 2025 – жылдың спорт жетістіктері» фестивалі өтті. Фестивальге қала тұрғындары, спорт әуесқойлары және салауатты өмір салтын ұстанатын белсенді азаматтар қатысты.

Жарыстың негізгі бағыты – салауатты өмір салтын насихаттау, бұқаралық спортты дамыту. Іс-шара аясында қатысушылар физикалық мүмкіндігін сынап, жыл бойғы жеке спорттық жетістіктеріне қорытынды жасауға мүмкіндік алды. Жарыстарға кәсіби спортшылармен қатар әуесқойлар да қатысты. Сонымен бірге, балаларға, жасөспірімдерге және мүмкіндігін шектеулі жандарға арналған арнайы тапсырма берілді.

«Қоғамдық пікір» спорт лигасының өкілі Евгений Шамрай фестивальдің маңызына тоқталып өтті:

«Beles 2025» спорт фестивалі – бұл жыл бойы ел намысын қорғап, халықаралық ареналарда Қазақстанның атын шығарған спортшыларға көрсетілген құрметтің белгісі. Бұл спорттық іс-шара жылдың қорытындысын шығаратын маңызды межеге айналды. Фестиваль аясында 12 спорттық локация ұйымдастырылды. Әр локацияда қатысушылар арнайы функционалдық жаттығуларды орындап, жинаған ұпайларын медальдарға айырбастау мүмкіндігіне ие болды», – дейді ол.

Оның айтуынша, фестивальде әр спорттық аймақта айлық форматта жасалған арнайы баннерлер орналастырылды. Баннерлер газет стилінде безендіріліп, бір жыл ішінде Қазақстан спортшыларының әлемдік арена-ларда қол жеткізген жетістіктерін көрсетеді.

«Әр ай белгілі бір спорт түріне арналды: мысалы, қаңтар – бокс, ақпан – ауыр атлетика және басқа да спорт салалары. Ал қорытынды – он екінші баннерде Қазақстан спортшыларының бір жылда жеңіп алған жалпы медаль саны мен халықаралық рейтингтегі орны көрсетілді. Фестивальдің басты мақсаты – бұқаралық спортты дамыту және тұрғындарды салауатты өмір салтына шақыру», – деді Евгений Шамрай.

«Бұл іс-шара мен үшін үлкен мотивация болды. Осындай жарыстар жастарды спортқа баулып, өз мүмкіндігімді ашуға көмектеседі деп ойлаймын. Келесі жылы да міндетті түрде қатысып, бүгінгі нәтижемді жақсартқым келеді», – дейді қатысушы Ілияс Канебай.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Басы 1-бетте)

Дархан Сатыбалды алматылық спортшылардың Қысқы Олимпиада ойындарына қатысуы алдағы жауапты кезең екенін ерекше атап өтті. Қала әкімі бұл сындарлы кезеңнің маңызын

айтып, спортшыларға сәтті өнер көрсетіп, жаңа жеңістерге жетуіне тілек білдірді.

Іс-шара барысында бірқатар аталымдар бойынша марапаттау рәсімі өтті, сондай-ақ спорт жылының қорытындысы мен жаттықтырушылардың спортты дамытуға қосқан үлесіне арналған бейнематериалдар көрсетілді. Марапаттарды Алматы қаласының әкімі, Алматы қаласы Мәслихатының төрағасы және Алматы қаласының Спорт басқармасының басшысы табыстады. Іс-шара мәдени бағдарламаға ұласты.



КЕЗ КЕЛГЕН ЕҢБЕК – ҚАДІРЛІ

Жұмысшы мамандықтар жылы бізге не берді?



Суреті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, «Біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз! Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі!», – деген еді.

Міне, бір жыл да өте шығыпты. Ал алып Алматы елдік деңгейдегі айтулы жылды қалай түйіндеді, сол туралы аз-кем тарқатайық.



Нұржамал
ӘЛІШ

ҚОЛ КҮШІ МЕН АҚЫЛ ҮШТАСҚАНДА

Таң қылаң бере біз жылы төсегімізден енді тұрып жатқанда, бізден бұрын қауырт тіршілікке сүңгіп кететін, біз жүретін жолды, көшені, тротуарды айнадай етіп тазалап, жапырақтардан тазартып, сыпырып, қыста қолмен, ауыр техникамен қарын күреп қоятын – еңбеккерлер! Біздің жұмысқа кедергісіз, уақытында жетуімізді қамтамасыз ететін – қоғамдық көлік жүргізушілері! Үйіміздің жарығы өшіп немесе суымыздың құбыры жарылса, жауынға да, дауылға да қарамай, күн-түн демей бірінші жүгіретін жұмыскерлер!

Қарапайым ғана көрінетін, көзге аса іліне бермейтін, бірақ ел экономикасының өзегіне айналған осы мамандық иелерінің рөлі жылдан-жылға зор мәнге ие болуда. Қазіргі жұмысшы – тек қол еңбегіне ғана сүйенбейтін, күрделі техниканы меңгерген, саналы шешім қабылдайтын, кәсіби ой-көзқарасы бар дәл осы жанкешті еңбек иелері. Иә, қолдың күші мен ақылдың үштасуы – бұл бүгінгі еңбек адамының жаңа бейнесін айқындайтын басты формула.

Бұрынғыдай «қол еңбегі – қарапайым жұмыс» деген түсінік өзгерді қазір. Бүгінде нағыз кәсіби шеберлер – қоғамның дамуына тікелей әсер ететін топ. Тақтайдай даңғыл жолдарымызда, зауыт-фабрикаларда, биік-биік ғимараттарда, халыққа қызмет көрсететін инфрақұрылымның жұмысында еңбек адамдарының құрыш-тай қолының табы жатыр.

ЖАҢА СТАНДАРТ, ЖАҢА ТАЛАП

Жалпы, Алматы үшін «Жұмысшы мамандықтар жылы» жаңа стандарт белгілеп берді, яғни біздегі кәсіптік-техникалық колледждердің рөлі күшейді. Дәлірек айтсақ, жаңа сапа стандарттары, басымдықтар мен даму бағыттары белгіленді. Себебі, колледждер қаланың экономикасына

қажет кадрларды даярлайтын негізгі тетік десек, қателеспейміз.

Бүгінде Алматыда 88 колледж жұмыс істейді, онда 85 мыңнан астам студент білім алуда. 22 мемлекеттік колледжде жұмысшы мамандарды даярлау толығымен қала әкімдігі есебінен қаржыландырылады.

Сарапшылардың айтуынша, жастар арасында электромонтер, дәнекерлеуші, механизатор, жол жөндеуші, оператор, құрылысшы сынды мамандықтарға қызығушылық артып келеді. Бұл тенденция жұмысшы еңбегінің қоғамдағы беделінің өсіп келе жатқанын көрсетсе керек.

Алматы колледждері «Жұмысшы мамандықтар жылында» өздеріне артылған жүктің салмағын сезініп, түрлі бағытта іс-шаралар, байқау, фестиваль, семинар, конференциялар өткізді, пікірсайыс алаңдарын ұсына білді. Мәселен:

• **WorldSkills Almaty – 2025**

өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты өтті. Колледждерден 200-ден астам студент қатысып, жұмысшы мамандықтар бойынша бәсекеге түсті. Сайыс инженерия және IT-ден бастап қызмет көрсету, дизайн, құрылыс және автокөлікті диагностикаға дейінгі көптеген қузыретті қамтыды. Шығармашылық бағытқа да көңіл бөлінді: қатысушылар киім үлгілерін әзірлеп, аспаздық қырын ұсынып, соңғы үлгідегі сәнмен шаш қию техникасын да орындады. Жастар телекоммуникация және автокөліктерге техникалық қызмет көрсету саласында да кәсіби шеберлігін көрсете білді. Жеңімпаздар 2026 жылы Шанхайда өтетін халықаралық чемпионатқа жолдама алды.

• «Ұлттық дәм фестивалі» де

«Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылды. Алматы қаласы Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінде өткен республикалық байқауға Тараз қаласынан, сондай-ақ Алматы және Жамбыл облыстарынан келген колледж

студенттері, өндірістік оқыту шеберлері мен оқытушылар, ұзын-саны 60-қа жуық адам қатысты. Сайыс аспаз мамандығының беделін арттырып, жас мамандардың шығармашылық әлеуетін дамытуды көздеді. Сол үдеден шықты да.

• **Алматы халықаралық конгресінде** дуальды оқыту, цифрлық білім беру, VR/AR технологияларын пайдалану және KAIZEN құралдарын енгізу сияқты заманауи әдістер талқыланды. Сондай-ақ, жұмысшы мамандықтардың беделін арттыру жолдары қозғалды. Конгресс кәсіби бағдар беру мен халықаралық ынтымақтастықты дамытуға серпін берді.

• **XV халықаралық аспаздық фестивалі** жас мамандар үшін теорияны тәжірибеге үштастырудың таптырмас алаңы болды. Үш күнге жалғасқан сайыста 200-ге жуық қатысушы «Алтын наубайшы», «Алтын шеф-кондитер», «Алтын шеф-аспаз» номинациялар бойынша сынға түсті. Worldchefs Дүниежүзілік аспаздар қауымдастығының кәсіби шеберлері фестиваль аясында ашық сабақтар өткізіп, жаңа әдіс-тәсілдерін бөлісті.

• **JasSkills Kazakhstan – 2025**

республикалық байқауы Алматы төрінде ұйымдастырылып, оған 9-10-сынып оқушылары қатысып, болашақ мамандық таңдауға арналған шеберлік жарыстардан өтті, колледждердің тыныс-тіршілігімен танысты, жәрмеңкелерге, шеберлік дәрістеріне қатысты.

• «One School – One Skill»

деген тың жоба Алматы құрылыс-техникалық колледжі базасында іске қосылды. Онда мектеп оқушылары практикалық дағдылармен танысты. Өрендерге осы бастан кәсіптік бағдар беру, жұмысшы мамандығына деген құрметін, қызығушылығын тудыруды мақсат еткен жоба жемісті жалғасуда.

Мақпал ҚОЖАМСЕЙІТОВА, №9 троллейбус жүргізушісі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:

– Студент кезімде ылғи №4 трамваймен жүретінмін. Қыздардың трамвай жүргізетініне қатты қызығатыным соншалық, жүргізушінің жаңына тұрып алатынмын. Негізгі мамандығым – мұғалім. Бірақ трамвайға қызығушылығым басым түсіп, ақыры үш айлық курсым оқып алдым. Троллейбус тізгіндеп жүргеніме он үш жыл. Жолдасыммен осы салада танысқанмын. Қазір екі қызымыз бар. Жұмысым өзіме ұнайды. Күнде бір бағытпен жүретін болған соң, көп жолаушыны сонайдан танып отырарсыз, тіпті, көбі туысыңыз секілді жылы амандасады. Хал-жағдай сұрасамыз. Аялдамасынан түсіп бара жатып, «шаршамай жақсы жеттім, рахмет, қызым» деп сөмкесіндегі алмасын, тәттісін ұсынатын апалар да бар.

Әрине, таңнан кешке дейін қозғалыссыз отыру оңай емес. Арқан, қолың құрысып қалатын кездер болады. Сондықтан спортпен айналысуға уақыт табамын. «Троллейбус бұзылып қалса, әйел затына қиын тимей ме, қалай жөндейсіз?» деген сауал көп қойылады маған. Қазіргі қоғамдық көліктер бұзылмайды, жап-жаңа, жайлы, заманауи. Мысалы, дөңгелек жарылса, диспетчерге хабарласып, тұрған жерімізді айтамыз, мамандар келіп жасап береді. Электрик, механик, слесарь дейсіз бе, әр саланың өз маманы бар. Айына бірнеше мәрте тексеріп тұрады, бұзылып, көшеде қалу деген болмайды. Менің міндетім – жолаушыларымды діттеген жеріне аман-есен жеткізіп салу.

• «Ер дәулеті – еңбек»

атты көрме де «Жұмысшы мамандықтар жылына» үлесін қосты. Онда еңбек адамдарын, жұмысшы мамандықтарын дәріптейтін, сондай-ақ қала өнеркәсібі мен құрылыс саласына қатысты экспонаттар ұсынылды.

ЦИФРЛЫ ДӘУІРДЕГІ ЖҰМЫСШЫ БЕЙНЕСІ

Осынау айтулы жыл жариялана салысымен Алматы билігі үшін техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңарту, колледждер мен кәсіптік оқу орындарын заманауи құрал-жабдықпен қамтамасыз ету, оқу сапасын арттыру, кәсіптік бағдар беру қызметтерін мектептерде кеңейту мәселесін басты бағдар етіп алған болатын. Бүгінгідей жаһандану, цифрландыру және технологиялық серпіліс дәуірінде жастар дуальды білім беру жүйесі арқылы теория мен практиканы қатар меңгеруде. Олардың колледж қабырғасынан өндірістік ортаға бейімделіп шығу мәселесіне де назар аударылуда. Бұл – уақыт талабы. «Жұмысшы мамандықтар жылы» жастарды осы жолға тарта білді десек, қателеспейміз.

Жұмысшы мамандықтарды дәріптеу, жастар мен қоғам арасында олардың беделін арттыру – бұл ұзақ мерзімді жұмыс, яғни бір жылмен шектелмейді. Сондықтан бірнеше жылдық (2025–2027) трансформация жоспары бекітілген.

Жуырда Алматы құрылыс-техникалық колледжінде қала әкімінің орынбасары Абзал Нүкеновтің төрағалығымен мегаполистегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту мәселелері бойынша кеңейтілген жиын өткені белгілі. Онда ортаға Алматының «Жұмысшы мамандықтар жылында» қол жеткізген нәтижелерін тұрақты тәжірибеге айналдыруды мақсат ету жөнінде ұсыныс-пікірлер тас-талды. Дәлірек айтсақ, мамандар даярлау мазмұнын жаңартудан бастап, колледждердегі қауіпсіздік пен тәрбие жұмысын күшейтуге дейінгі қадамдар талқыланды. Иә, алдағы уақытта ТЖКБ жүйесінде қаланың ұзақ мерзімді бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын кәсіби әлеует қалыптаспақ. Бұл жыл колледждердің деңгейін көтеріп, соған орай жаңа талап қойды. Ендігі кезекте жай ғана түлек емес, бәсекеге қабілетті, заманауи, цифрлық дәуірдің дара-боздарын даярлау күтіледі.

МЕРЕЙЛІ СӘТ

Осындай жастар аға буынға қарап ойын да, бойын да түзейді. Өзінен үлкеннен үлгі алады, көпті көрген ұлағатты адамның жүрген жолын таңдайды. Президент биыл Республика күніне орай бірқатар азаматқа мемлекеттік наградалар табыстағанын білеміз. Олардың шамамен 500-і жұмысшы мамандықтарының өкілі болса, 20-дан астамы алматылық әуе көлігі диспетчері, автобус жүргізушісі, жол жұмысшысы, электродәнекерлеуші, музей қызметкері, медициналық фельдшер, т.б. мамандар.

Мәселен, Мемлекет басшысының тапсырмасымен Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды «Алматы Су» МКК Түркісіб аудандық пайдалану учаскесінің слесарі Дөңесбай Өтепбайұлы Аханаев пен «Алматы Су» МКК Жетісу аудандық пайдалану учаскесінің слесарі Дмитрий Александрович Литвиновке «Ерен еңбегі үшін» медалін салтанатты жиында табыстады.

Кәсіпорында жұмыс істеген кезден бері Дөңесбай Өтепбайұлы өзін кәсіби білікті, еңбекқор, жауапты және іскер қызметкер ретінде көрсетті. Апатты учаскелерге жедел барып, шұғыл және ұтымды шешімдерді дереу қабылдау қабілетімен ерекшеленеді. Дмитрий Александрович те күнделікті қажырлы еңбегі арқылы Алматы қаласының су құбыры желілерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге елеулі үлес қосып келеді.

Міне, еңбекпен есейген жұмыскерлер жанымызда жүр!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Дөңесбай АХАНАЕВ, «Алматы Су» МКК-нің слесары, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері:

– Осы салада еңбек етіп жүргеніме жиырма сегіз жыл болды. Биыл үлкен марапатқа ие болдым. Несін жасырайын, «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп дәріптеліп жатқанымызға, біздің де еңбегіміздің еленгені үшін мерейім өсіп қалды. Құбыр жарылып төтенше жағдайлар бола қалса, таңнан кешке дейін желдің өтінде, жаңбырдың астында, ақ қар-көк мұзда күй, бап талғамай жүре береміз ғой. Мақсатымыз – Алматы сынды алып мегаполистің тұрғындарын сапалы сумен қамтамасыз ету.

Балаларым, немерелерім бар. Ұрпағыма жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек қадірлі, кез келген жұмыскер құрметті екенін айтып отырамын. Өзім су маманы болғасын, «судың да сұрауы бар» екенін, оны да үнемдей білген абзал болатынын еске салудан жалықпаймын. Бір өкініштісі – бізге жас мамандар келуге аса ынталы емес. Қазір кәсіптік білім алуға жол ашық, кедергі жоқ. Алматыда колледж көп, оқимын деген балаға оқу тегін. Жастар осы мәселені де ескерсе деймін.



ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ:

Сарапшылар қауіпсіздік пен этиканы талқылады

Қазіргі цифрлық дәуірде жасанды интеллект адам өмірінің барлық саласына терең еніп, қоғамның даму қарқынын жеделдете бастады. Байқасаңыз, ЖИ тек ғылыми ортада ғана емес, білім беру, медицина, өндіріс, мемлекеттік қызмет, тіпті күнделікті тұрмыста да кеңінен қолданылуда. Өйткені, ЖИ технологиялары үлкен көлемдегі мәліметтерді талдап, адамның шешім қабылдау процесін жеңілдетіп қана қоймай, жаңа идеялар мен инновацияларға жол ашып отыр.



Рая
ЕСКЕНДІР

Осыған орай, Алматы қаласы Білім басқармасы, «Қалалық білім берудегі жаңа технологиялардың ғылыми-әдістемелік орталығы», «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы», «Алматы қаласы бойынша Кәсіби даму институтының филиалы» мен №19 жалпы білім беретін мектеп ұжымы «Заманауи білім беру ортасын ұйымдастыру. Жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен болашағы. Сабақтарда жасанды интеллектті қолдану тиімділігі» атты қалалық семинар өткізді.

Өмірімізге еркін енген ЖИ-дің білім беру саласында да мүмкіндіктері зор. Мәселен, ақпаратты тез өңдеу, жекелендірілген оқыту жүйелерін құру, мұғалімнің жұмысын оңтайландыру осы технологияның оқу үдерісін жаңа деңгейге шығарудағы басты рөлі болып отыр. Пән мұғалімдері де соңғы уақытта ЖИ-ді қолданудың арқасында оқушылардың қабілетіне қарай тапсырма құрастыру, оқу жетістігін талдау, білім сапасын бақылау жұмыстары бұрынғыдан тиімді бола түскенін айтады.

Сонымен қатар, жасанды интеллектпен жұмыс істеу мәдениетін қалыптастыру да маңызды. Сондықтан жиында осы мәселе де кеңінен талқыланды.

Семинар барысында сарапшылар бұл технологияның қауіпсіз әрі этикалық дамуы үшін әрбір қолданушы цифрлық сауатты болуға тиіс екенін баса айтты. Жалпы, өткізіліп отырған жиынның түп-төркіні де заманауи технологияларды пайдалана отырып, тиімді білім беру ортасын қалыптастыру.

Сонымен қатар, бұл жиында Эстония мен Финляндияның инновациялық білім беру тәжірибелері таныстырылып, мектеп менеджментінде жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен келешегі кеңінен сөз болды. Педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру, оқушылардың оқу үдерісіне қызығушылығы мен мотивациясын күшейту мәселелері де талқыланды. Сонымен қатар, қазақ, орыс, ағылшын тілдері мен тарих сабақтарында сыни ойлауды дамытуға бағытталған әдістер ұсынылды. Педагогтар семинар барысында интерактивті тренингтерге қатысып, жасанды интеллектке негізделген платформалармен



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

жұмыс істеуді тәжірибе жүзінде көрді. Әсіресе, оқу жоспарын автоматты түрде құру, мәтіндік талдау, тапсырма генерациялау, оқушы үлгерімін цифрлық бақылау секілді функционалдар қатысушылардың үлкен қызығушылығын тудырды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай іс-шаралар педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, заманауи білім беру ортасын дамытуға және жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға айтарлықтай ықпал етеді.

Айымгүл ИМАНҒАЛИЕВА,
№19 жалпы білім беретін мектеп директоры:

– Бүгінгі қарқынды өзгеріп жатқан ақпараттық қоғам жағдайында білім беру жүйесіне қойылатын талаптар да түбегейлі жаңаруда. Қазіргі таңда білім беру тек пәндік білімді меңгертумен шектелмей, оқушының тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілетін ашуға, цифрлық дағдыларын дамытуға бағытталуы тиіс.

БІЛІМ МЕН ИННОВАЦИЯ ТОҒЫСЫ

Almaty polytechnic college – 85 жыл

Алматы политехникалық колледжінің тарихы 1940 жылы құрылған Алматы кинотехникумынан басталады. КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 11 қыркүйектегі №405 бұйрығына сәйкес ашылған бұл оқу орны елдің шығысындағы тұңғыш, ал КСРО көлеміндегі бесінші кинотехникум болды. Колледж әр кезеңде де халық шаруашылығы мен технология салалары үшін білікті мамандар даярлауды үзген емес.



Колледж тарихында әр директорының еңбегі ерекше аталады. Әр кезеңде А.А.Жук, И.Я.Чудновский, В.А.Сейпульник, Л.А.Дернова-Семенов, Л.Ф.Дмитриев, П.П.Возовиков, Ж.Т.Түркпенов және Х.Х.Санбаев сынды тұлғалар Кеңес дәуіріндегі сан түрлі қиын кезеңдерге қарамастан білім сапасын сақтап келді. С.И.Нүсіпбеков (1991–2012) – колледждің жаңа дәуірін қалыптастырған тұлға. Материалдық база жаңартылып, жатақханаларды жекешелендіру арқылы 40-тан астам қызметкер баспаналы болды.

Тәуелсіздік жылдары оқу орны үшін шешуші кезең болды. 1997 жылы кинотехникум мен машина жасау техникумы біріктіріліп, Алматы политехникалық колледжі болып қайта құрылды. Осы тұста колледж жанынан ОАТЭК және Кино-теледидар техникалық академиясы ашылып, «колледж–университет» жүйесі негізінде үздіксіз білім беру кешені қалыптасты. 90-жылдардың соңында мамандықтар еңбек нарығына сай қайта қарастырылып, басты бағыт ретінде IT, телекоммуникация, радиоэлектроника салалары болды.

2001 жылы ҚР Білім министрлігі Алматы политехникалық колледжіне мамандар даярлауға арналған лицензия берді. Бұл лицензия машина жасау, бухгалтерлік есеп, есептеу техникасы сияқты кең ауқымды бағыттарды қамтыды. 2009 жылға қарай колледж ақпараттық технологиялар, электроника және автоматтандыру салалары бойынша жаңа мамандықтар ашып, оқу бағдарламаларын толықтырды.

Колледж тек техникалық салада ғана емес, әлеуметтік бағытта да жаңашыл бастамаларға жол ашты. 2007 жылы Қазақстанда алғаш рет есту қабілеті нашар студенттерге арналған арнайы білім беру осы колледжде іске асырылды. Осылайша колледж әлеуметтік лифт ретіндегі рөлін күшейтіп, мүмкіндігі шектеулі жастарға кәсіби білім алуға мүмкіндік беретін мекеме ретінде танылды. 2008-2009 оқу жылдарында IT саласына бағытталған жаңа бағдарламалар енгізілді. Колледж ақпараттық жүйелер, автоматтандырылған өңдеу жүйелері және заманауи IT мамандықтары бойынша оқыту көлемін кеңейтті. 2010 жылы бірқатар тәжірибелі оқытушылар ұлттық марапаттарға ие болды.

2012–2017 жылдары колледжді заң ғылымының кандидаты Нұрдәулет Жақыпбекұлы Жабықбаев басқарып, инфрақұрылымдық жаңғыруды жалғастырды.

Бұл кезең колледж тарихындағы жаңғыруға бағытталған

қарқынды өзгерістермен ерекшеленді. Басшылық жұмысының нәтижесінде инфрақұрылым жүйелі түрде жаңғыртылды, жаңа білім беру бағдарламалары енгізілді, материалдық-техникалық база айтарлықтай күшейтілді, халықаралық серіктестік ауқымы кеңейді. Осы өзгерістер колледждің дамуына тың серпін беріп, ALMATY POLYTECHNIC COLLEGE-нің халықаралық деңгейде танылған заманауи оқу орнына айналуына негіз қалады.

2017 жылдан бастап колледжді Медет Әсетұлы Омарбеков басқарып келеді. Оның жетекшілігімен цифрлық жаңғырту, инфрақұрылымды дамыту, тәжірибеге бағытталған оқыту, халықаралық байланыстарды күшейту сияқты бағыттар жүйелі түрде іске асырылып келеді. Медет Әсетұлы колледжді жаңа серпінмен дамытып, оны заманауи талаптарға сай жаңартты.

Соңғы он жылда колледждің материалдық-техникалық базасы түбегейлі жаңарып, «Smart Campus» деңгейіне жетті: 500-ден астам компьютер, жүздеген интерактивті панельдер, интеллектуалды камералар, Face ID жүйесі, заманауи желілік инфрақұрылым қалыптастырылды. IT Center хабы жұмыс істейді: Cisco академиясы, Apple курстары, Festo мехатроника зертханалары, веб-әзірлеу, CAD, 3D-модельдеу бағыттары енгізілді.

2010 жылдардың екінші жартысынан бастап дуалды оқыту түбегейлі күшейтілді. 2020 жылға қарай оқу уақытының 60–70%-ы өндірістік тәжірибеге айналды. Attendix және басқа цифрлық

платформалар енгізілді. Түлектердің 82%-ы алғашқы жылы жұмысқа орналасады – бұл көрсеткіш ел бойынша жоғары деңгейде.

Колледждің 85 жылдығына орай Серік Имансерікұлы Нүсіпбеков атындағы мұражай ашылды. Мұражай – колледж тарихын жүйелі сақтайтын, патриоттық және рухани-адамгершілік тәрбие беретін орталық.

Инновациялық инфрақұрылым қатарында IT Hub Arena және Fab-Lab 2024 жылы ашылды. IT Hub Arena, Fab Lab цифрлық шығармашылық зертханасы, «АКТ» бағыты бойынша 12-құзыреттілік орталығы студенттердің стартап жасауына, чемпионаттарға дайындалуына, инженерлік жобаларды жүзеге асыруына кең мүмкіндік берді.

Бүгінгі жетістіктер – бірнеше буын педагогтардың ерен еңбегінің, табандылығы мен жаңашылдыққа ұмтылысының нәтижесі. Алдағы мақсат – осы дәстүрді сақтай отырып, заманауи білім беру талаптарына сай болашақ мамандарды даярлау ісін одан әрі жетілдіру. Almaty Polytechnic College – уақыт сынынан өткен, болашаққа бағытталған білім ордасы.



Медет ОМАРБЕКОВ,
Алматы қаласы Білім басқармасы Almaty polytechnic college КМҚК директоры.



МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҢАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

«Almaty aqshamy» «Жыл таңдауы–2025» марапатына ие болды

Алматының бас басылымы – «Almaty aqshamy» газетінде сүйінші жаңалық! «Қазақстандағы Жыл таңдауы» (№1 Choice of the year in Kazakhstan) ұлттық жобасының «Мемлекеттік тілдері республикалық қоғамдық-саяси газет» номинациясын жеңіп алды.



Нұржамал
Әліш

Бұл сыйлық аясында жыл ішінде көрсеткен жетістігі, сапасы мен ел ішіндегі беделі ең жоғары деп танылған брендтер, компаниялар және жобалар «Қазақстандағы №1» атағын иеленеді. Сондықтан мерейімізді көтеріп тастаған осынау мәртебелі марапаттың бағасы біз үшін құнды.

«Жобаның ұйымдастырушыларына, бізді бағалаған баршаға ағайынға алғыс білдіреміз. Газетіміздің «Мың жасаған шаһардың шамшырағы» деп аталуы тегін емес. Өйткені, «Almaty aqshamy» отандық журналистикада, жалпы қазақ руханиятында өзіндік орны, өз тарихы бар басылым. Бұл газетте қазақтың қаншама қайраткері, танымал тұлғалар еңбек етіп, өзінің қолтаңбасын қалдырды! Қазір біз заман көшінен қалмау үшін трансформацияға көштік. Жаңа бет-бейнеміз қалыптасты. Еліміздегі ең таңдаулы байқаудың айтулы жүлдесінің бізге бұйыруы – алдағы уақытта да әріптестерге үлкен шабыт сыйлайды деп сенемін. Жалпы, бұл жеңіс біздің «Almaty aqshamy» ұжымының береке-бірлігінің, ынтымағының, үлкен ең-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

бегінің нәтижесі деп білемін», – деді салтанатты рәсімде «Alatau Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Ержан Қалымбайұлы.

Айта кетейік, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің құрамындағы «Almaty aqshamy» газетінің жарық көріп келе жат-

қанына – 37 жыл. Бізді әуеде де, жерде де оқиды. Яғни «Air Astana» әуе компаниясының борттарынан, «Тальго» пойызының барлық бағытынан, айтулы мейрамхана мен қонақүйлердің үстелінен де табыламыз. Сондай-ақ, бізге сауда, ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, супермаркет-

тер, ірі қоғамдық тамақтану орындары, кофеханалар, ЖОО мен колледждер, ХҚКО, ірі және орта компаниялар жазылады. Газет-журналдар сататын 40-тан астам нүктеде арнайы орнымыз бар. Біз әрқашан әлеуметпен біргеміз. Бізді таңдағандарыңыз үшін рахмет!

ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ МАСС–МЕДИА

Сала ардагерлері мен сарапшылар бас қосты

Әлеуметтік желілер толқынынан енді ғана ес жиып, бағдар анықтаған масс-медиа енді жаңа сынға тап келіп отыр. Яғни жасанды интеллект дәуірінде тіпті де ауқымды трансформацияны бастан өткермек. Осы өзекті тақырып Бас редакторлар клубы қоғамдық бірлестігі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және «Alatau Aqparat» медиахолдингі ұйымдастырған «Дөңгелек үстелде» талқыланды.

«Цифрландыру дәуіріндегі масс-медиа трансформациясы» атты ғылыми-практикалық «Дөңгелек үстелге» Бас редакторлар клубының мүшелері – республикалық және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының басшылары, сала ардагерлері, университеттің профессор-оқытушылар құрамы, ғалымдар мен медиа сарапшылар қатысты. Кездесуде цифрлық технологиялардың дамуы жағдайындағы отандық масс-медиаың трансформациясы, қазіргі журналистиканың жаңа бағыттары, медиа этика мәселелері және жасанды интеллекттің ақпараттық кеңістікке ықпалы кеңінен талқыланды.

Іс-шараның ашылуында ҚР Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары, «Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті Бибігүл Жексенбай және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті басқарма төрағасы – ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйледі.

– Бас редакторлар клубы» ҚБ президенті Бибігүл Жексенбай масс-медиаың қоғамдағы рөліне тоқталып, цифрландыру дәуіріндегі ақпараттық жауапкершіліктің маңызын атап өтті: «Масс-медиа – ұлттық сананың айнасы. Цифрландыру дәуірінде ақпараттың шектеу емес, оған жауапкершілік орнату маңызды. Мемлекет басшысы айтқандай, әділетті қоғам әділетті ақпарат кеңістігінсіз мүмкін емес. Осы



бағытта Парламент, Үкімет, медиа және азаматтық қоғам бірлесе әрекет етуі тиіс, – деген пікірін ортаға салды.

ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанды «жаппай цифрлық елге» айналдыру жөніндегі стратегиялық мақсатына тоқталып, жасанды интеллекттің маңызын атап өтті: – Журналистика факультетінде еліміздегі алғашқы «LG AI MediaLab» зертханасының іске қосылуы – медиа мен коммуникация саласында жасанды интеллектті қолдануға бағытталған маңызды қадам», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

«Медиа этика. Цифрлық дәуірдегі масс-медиа трансформациясы» тақырыбында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Марат Бәшімов баяндама жасап, ақпараттық қауіпсіздік пен заң алдындағы жауапкершілік мәселесіне назар аударды.

Сонымен қатар, ZTB media негізін қалаушы Марғұлан Тұрсынов қазіргі жасанды интеллект дәуірінде цифрлық медианың даму қарқыны бәсеңдеген жоқ екенін атап өтті. Оның айтуынша, цифрлық медиа жаңа форматтарға бейімделіп, аудиториямен жұмыс істеудің тиімді тетіктерін қалыптастырып келеді.

Баспасөз журналистикасының болашағына қатысты «Простор» журналының Бас

редакторы Фархат Тамендаров пен «Ақ желкен» балалар журналының Бас редакторы Балжан Мұратқызы алаңдаушылық білдірді. Олар оқырман мәдениетін, соның ішінде балалар мен жасөспірімдердің газет-журнал оқу әдебін сақтап қалу үшін білім беру саласымен тығыз әріптестікте жұмыс істеу қажеттігін атап өтті. Редакциялар бұл бағытта ҚР Оқу-ағарту министрлігімен бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайын екендерін жеткізді.

«Дөңгелек үстелде» белгілі медиаменеджер, ҚазҰУ Журналистика факультетінің докторанты Телман Бейсен жасанды интеллект дәуіріндегі басқару мәдениетіне тоқталды: «Жасанды интеллект дәуірінде кез келген медиа басшысы редакцияны және жалпы медиа ұйымды сауатты әрі тиімді басқара білуі керек. Технология өзгеруі мүмкін, алайда басқарушылық шешімнің сапасы мен редакциялық жауапкершілік өзгермейді», – деді ол.

Сондай-ақ, жиында «Бас редакторлар клубы» ҚБ бірінші вице-президенті, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры Мұратбек Тоқтағазин, медиаменеджер Ерлан Бекхожин, PR маманы Айбар Олжай, Республикалық «Әділет» газетінің төрағасы Қуанышбек Ботабеков,

жасанды интеллект зерттеушісі Мейіржан Әуелханұлы, «Дала мен қала» газетінің Бас редакторы Ришат Әскербекұлы және өзге де сарапшылар салалық ұсыныстарын ортаға салды.

Ашық микрофон сессиясында медиа этика, цифрлық дәуірдегі масс-медиаың трансформациясы, қазіргі журналистикадағы жасанды интеллекттің рөлі және цифрлық ортадағы ақпараттық жауапкершілік мәселелері талқыланды.

Іс-шара барысында отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқан сала ардагерлері – Сағымбай Қозыбаев, Кәкен Қамзин, Марат Тоқашбаев және Нұржан Жалауқызы «Бас редакторлар клубы» қоғамдық бірлестігінің «Ақпарат ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Марапаттау рәсімі Бас редакторлар клубының 15 жылдық мерейтойы аясында өтті.

Жиын соңында қатысушылар ҚазҰУ қалашығына экскурсия жасап, әл-Фараби университетінің инновациялық орталығы – Farabi Hub жұмысымен танысты. Зерттеу университетіне айналған оқу орнының ғылыми табыстары, отандық ғалымдардың ашқан жаңалығы жиын қатысушыларын тәнті етті.

«АҚШАМ–АҚПАРАТ»



АБАЙ МҰРАСЫ ЦИФРЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕ




Алматыда Абай мұраларын цифрлы кеңістікте ғылыми айналымға енгізудің маңызды мәселелері талқыланды. Ғұламаның 180 жылдық мерейтойы қарсаңындағы мұндай ғылыми талқыға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты бастамашылық етті. Республикалық ғылыми ғылыми-тәжірибелік конференция «Абай мұрасының жаңа дәуірі: қолжазба нұсқадан цифрлық корпусқа дейінгі мәтінтану мәселелері» деген тақырыпты көтерді.

шығармаларының үштомдық академиялық толық жинағы, сондай-ақ ұлы ойшылдың мұрасын кең ғылыми айналымға енгізуге арналған электронды платформа ресми түрде ғылыми қауымға ұсынылды.

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Бас директоры, ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы Кенжехан Матыжанов абайтанудың негізі қаланған қасиетті қара шаңырақтың маңызына айрықша тоқтала келе, Абай мұрасының жаңа қырынан зерттелуі өзекті екенін айтты.

– Қазақтың классик ақын-жазушыларының академиялық толық шығар-



малар жинағының кітапханасын қалыптастырып жатырмыз. Абай мұрасын тереңінен саралап, қайта текстологиялық зерттеуден өткіздік. Қолда бар 12 қолжазбаның цифрлық нұсқасын жасадық. Абайтанушылардың алдында тұрған басты мәселе – қолжазбаларды жасанды интеллектінің жадына дұрыс енгізу, – деді Кенжехан Матыжанов.

Филология ғылымының кандидаты Аязби Бейсенқұлов Абай Құнанбайұлы шығармаларының академиялық толық жинағын таныстырды. Жинақта әр жылдары жарық көрген Абай шығармалары, ескі араб қарпіндегі, кириллица нұсқадағы еңбектер, жетекші ғалымдардың бұрынғы және қазіргі дәуірді қамтитын 30 шақты зерттеуіне сілтеме берілген.

Белгілі шығыстанушы ғалым, абайтанушы Төрәлі Қыдыр Абай шығармаларының академиялық толық жинағының осы уақытқа дейін жарық көрген академиялық басылымдардың дәстүрлі жалғасы екеніне тоқталды:

– Бұл басылымды дайындау барысында қолжазбалар мен литографиялар, кітаптар қайта зерделенді. Ақынның өлеңдері қамтылған С.Шорманов (1898), К.Хұдашев (1898), Мүрсейіт (1906, 1907, 1910), Т.Түгелбайұлы (1913-1914), Ш.Марсеков (1934), А.Шәкәрімұлы

(1949), Т.Абайұлының қолжазбалар кариологиялық зерттеу жасалды. Сондай-ақ, алғашқы литографиялық басылым (1909) қайта қаралып, кейінгі жинақтарға салыстырмалы-мәтінтанулық жұмыстары жүргізілді. Соңғы жинақтың ерекшелігі – алдыңғы басылымдардың жетістігі алынып, кемшілігі жойылды. Бүгінгі оқырманның сұранысын қанағаттандыру мақсатында түсініктемелер толықтырылып, қолжазбалар туралы мәліметтер берілді, – деді ғалым.

Үштомдық академиялық басылым Абай шығармаларының барлық қолжазба және алғашқы баспа нұсқаларын қайта сараптау арқылы әзірленген. Жинақ мәтіндердің ғылыми дәлдігін, тарихи деректілігін қамтамасыз ететін заманауи текстологиялық қағидаттарға негізделген.

Басқосу барысында академиялық жинақтың ғылыми жаңалықтары, цифрлық платформаның құрылымы мен қолданылу аясы, Абай мұрасын жаңа дәуірдің ғылыми талаптарына сай зерттеу жолдары, сондай-ақ мәтінтанудың теориялық-әдіснамалық мәселелері жан-жақты талқыланды. Сондай-ақ, қатысушыларға Абай мұрасына арналған электронды платформаның интерфейсі таныстырылып, оның ғылыми-зерттеу мен оқу үдерісіндегі мүмкіндіктерін тәжірибеде пайдалану жолдары көрсетілді. Бұл бастама Абай мұрасын цифрлық кеңістікте жүйелі түрде танып-білуге, отандық гуманитарлық ғылымды жаңа сапалық деңгейге көтеруге зор серпін бермек.



ТАРИХ САҚШЫЛАРЫ

Архившілер күні аталып өтті

Алматы қаласының Мемлекеттік архивінде Архившілер күніне арналған іс-шара өтті. Салтанатты рәсімге орталық және облыстық архивтердің өкілдері де қатысты.

Алғашқы минуттардан-ақ қонақтар ерекше атмосфераға бөленді. Кіреберісте мұрағат қорларынан алынған тақырыптық көрмеццлер ұсынылып, жанды музыкалық сүйемелдеу мерекелік көңіл күй сыйлады. Архив алаңына келушілер Қазақстан тарихының негізгі кезеңдерін бейнелейтін сирек құжаттар мен материалдармен танысу мүмкіндігіне ие болды.

Салтанатты жиында Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Данияр Әлиев құттықтау сөз сөйледі.



Ол өз сөзінде архивтердің тарихи шындық пен ұлттық жадтың берік тірегі екенін атап өтті. Әсіресе, 1998 жылғы 22 желтоқсанда қабылданған «Ұлттық архив қоры туралы» Заң архив саласының дамуына маңызды серпін бергенін, ал 2020 жылы бекітілген «Архившілер күні» мұрағатшылар еңбегін насихаттауға және елдің құжаттық мұрасына деген қоғамдық қызығушылықты арттыруға ықпал етіп отырғанын баса айтты.

Іс-шара бағдарламасының маңызы жүрекжарды лебіздермен, музыкалық қойылымдармен және марапаттау рәсімімен айшықтала түсті. Жиын барысында үздік қызметкерлерге кәсіби шеберлігі, мамандыққа адалдығы және архив саласының дамуына қосқан үлесі үшін «Архив саласының үздігі» төсбелгісі табысталды. Сонымен қатар, архив қызметкерлері қала басшылығы мен салалық министрліктер атынан құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарға ие болды.

Бетті әзірлеген Дана САДЫРҚАН.

ҚАУІПСІЗДІК

ОЙЫННАН
ОТ ШЫҚПАСЫНМамандар отшашуды жағудың да
ережесі бар дейді

Жаңа жыл қарсаңында пиротехниканы пайдаланатындарға бақылау күшейді. Жыл сайын мереке күндері қалада орта есеппен 13 өрт тіркеледі, оның шамамен 15%-ы салют пен петардадан шығады екен.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен баспасөз конференциясында Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің Мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бас маманы Руслан Қасенов осылай деді.

Спикердің айтуынша, пиротехникалық бұйымдарды қолданғанда шығатын өрт пен жарақат алу жағы абайсыздық пен қарапайым қауіпсіздік талабын сақтамаудан болады. Кейінгі бес жылда Алматыда жаңа жылдық кезеңде 68 өрт тіркелсе, соның 10-ы пиротехниканы қолданған кезде болыпты.

Өрт пен оқыс жағдайдың алдын алу мақсатында Алматының Төтенше жағдайлар депар-

таменті жыл сайын алдын-ала-тын іс-шараларды өткізеді. Қазір жаппай жаңажылдық науқан өтетін барлық орын туралы ақпарат қолда бар, аудандық төтенше жағдайлар басқармаларымен бірлесіп осы нысандарда өрт қауіпсіздігі мен техникасына тексеру ұйымдастырылып жатыр. Сонымен қатар, Полиция департаментімен бірлесіп «Пиротехника» жедел-профилактикалық іс-шарасын өткізу жоспары да бекітілді.

«Рұқсатсыз сауда мен қауіпті өнімдерді анықтау мақсатында 2025 жылғы 5 желтоқсаннан 2026 жылғы 3 қаңтарға дейін пиротехникалық өнімдерді сақтап, сататын орындарға рейд жүргізіле бастады. Қазірдің өзінде Жетісу мен Медеу ауданында осындай рейдтер өтті», – дейді Руслан Қасенов.

Спикер қала тұрғындары мен қонақтарына пиротехникалық бұйымдарды тек мамандандырылған дүкендерден сатып алып, қаптамасының бүтіндігі мен жарамдылық мерзіміне назар аудару қажеттігін баса айтты.

АДАЛ АЗАМАТ

«ЖАС ПРОКУРОР» СЫНЫБЫ АШЫЛДЫ

Алматыда болашақ прокурорлар, судьялар, адвокаттар мен заңгерлерді тәрбиелеу бағытында жаңа бастама қолға алынды. Қаламызда алғаш рет «Жас прокурор» сыныбы Жетісу ауданындағы №87 жалпы білім беретін мектепте ашылды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында өткен салтанатты ашылу рәсіміне аудандық прокуратура өкілдері, білім бөлімі, ТЖ бөлімі, УССО, ҚР ҰҚК техника жөндеу басқармасы, мектептің педагогикалық ұжымы, ата-аналар мен оқушылар қатысты. Салтанатты ашылу рәсіміне қатысқан Жетісу ауданының прокуроры Аружан Әжіқұрман бастаманы қолдай келе, мектептегі құқықтық тәрбиенің маңыздылығын атап өтті.

– Бұл сыныптың ашылуы – құқықтық мемлекеттің дамуына үлес қосуға дайын, әділ, саналы және жауапты ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған маңызды қадам. «Жас прокурор» жобасы «Адал азамат» атты бірыңғай тәрбие бағдарламасы аясында жүзеге асырылып отыр. Жоба идеясының негізінде «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» құндылықтар триадасы жатыр, – деп атап өтті Аружан Бақтықұлқызы.



Іс-шара барысында патриоттық әндер шырқалып, құқықтық бағыттағы көріністер қойылып, жаңа сыныптың тұжырымдамасы таныстырылды. Құқықтық сынып оқушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін, патриоттық сезімін дамыту, сондай-ақ прокурор, адвокат, судья және заңгер мамандығына деген қызығушылығын ерте жастан қалыптастырары сөзсіз. Биылғы оқу жылында оқушылар құқық қорғау органдарының өкілдерімен белсенді байланыс орнатып, кәсіби кездесулерге, шеберлік сабақтарына және экскурсияларға қатыс-ды. Сонымен қатар, сынып жетекшісі арнайы даярлықтан өтіп, жоғары құқықтық сауаттылыққа ие болады.

№87 мектептің директоры Ұлар Аманбекқызы да жаңа бастама Әділетті Қазақстанның болашақ ұрпақтарын қалыптастыруда маңызды қадам екеніне тоқталды:

– «Жас прокурор» сыныбының ашылуы – жауапты, әділ әрі адал ұрпақты қалыптастыру жолындағы маңызды қадам. Бүгінгі оқушылар арасынан күні ертең-ақ прокурорлар, судьялар, адвокаттар мен заңгерлер шығары сөзсіз, – деді мектеп директоры.

Алматы қаласындағы алғашқы «Жас прокурор» сыныбы – құқықтық білім берудің инновациялық формасы ғана емес, әділетті қоғам құруды жас ұрпақтың санасына ертеден сіңіруге негізделген бастама болды.

ПАТРИОТИЗМ

«ЖАС САРБАЗ»
ЖАУАПКЕРШІЛІККЕ ДАЙЫНДАЙДЫ

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Алматы қаласының Алатау ауданындағы №210 мектеп-лицейде «Жас сарбаз» әскери-патриоттық және Ұлттық ұлан батырлары атындағы «Ерлік сыныбы» ашылды.



Әскери-патриоттық бағыттағы іс-шараның негізгі мақсаты – оқушылардың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті, туған жерге деген құрметті, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру. Батыр бабаларымыздың және қазіргі заман батырларының ерліктерін үлгі ете отырып, оқушыларды батылдыққа, төзімділікке, тәртіпке және жауапкершілікке тәрбиелеу, елдің, жердің қорғаны, қауіпсіздігі өздерінің қолында екенін сезіндіру.

Сондай-ақ, спорттық іс-шаралар, оқу-жаттығулар арқылы жастардың денесін шыңдап, салауатты өмір салтын ұстануға баулу. Кәсіби бағдар бере отырып, болашақта Қазақстан Қарулы Күштерінің қатарын толықтыруға дайындау, әскери мамандықтарға деген қызығушылығын арттыру.

Оқушылар салтанатты түрде ант қабылдаған соң, «Жас сарбаз» қатарына ресми қабылданып, «Жас сарбаз» гимнін

орындады. Ұлттық ұланның 5571 әскери бөлімінің әскери оркестрі патриоттық әндерді орындап, оқушыларды рухтандыра түсті.

Заманауи талаптарға сай жабдықталған «Ерлік сыныбының» лентасын Ұлттық ұлан ардагері, отставкадағы полковник Сәбит Аймағамбетов, мектеп-лицей директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Салтанат Әшімбаева және Алматы қалалық Дене шынықтыру және спорт ғылыми-зерттеу орталығы алғашқы әскери және технологиялық дайындық бөлімінің жетекшісі Марат Қанатов қиды.

– Бүгін 5-сынып оқушыларын «Жас сарбаз» әскери-патриоттық сыныбына қабылдадық. Ал олар өз кезегінде жас сарбаздардың антын қабылдады. Оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие және кәсіптік бағдар беру жұмыстары тоқтамайды.

Арнайы бағдарлама бойынша іс-шаралар жүргізіліп тұрады. «Жас сарбаз» өрендері мектеп бітірген соң, күштік құрылым мамандарын дайындайтын оқу орындарына түсуге жолдама алады, – дейді алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі, запастағы полковник Ниязтай Әлкешев.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

БЕЙМЕЗГІЛ ЖҮРГЕН
БАЛА БОЛМАСЫНАлматыда кәмелетке толмағандар
арасындағы қылмыс азая бастады

Кәмелетке толмағандар жасаған аса ауыр қылмыстың саны 40%-ға, ал балаларға қарсы қылмыс 10,2%-ға төмендеген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Алматы қаласы Полиция департаменті қоғамдық қауіпсіздік басқармасының Ювеналдық полиция бөлімінің бастығы Жанна Шонжанова мәлімдеді.

Оның айтуынша, полицияның жүйелі жұмысы Мемлекет басшысы айқындаған «Заң және тәртіп» қағидатына сәйкес құрылып, ІІМ жүйесінде жарияланған Профилактика жылы аясында жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ, кәмелетке толмағандарға жасалатын зорлық та 4,6%-ға дейін азайыпты. Алдын-алуды күшейтіп, қауіп-қатерді ерте анықтап, мекемеаралық өзара іс-қимылдың белсенді болуының арқасында осындай нәтижеге қол жеткен. Алматыда мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен, бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесіп 11 жалпықалалық жедел-профилактикалық іс-шара өткізіліп, 22 мыңнан астам әкімшілік құқық бұзушылық анықталған. Нысаналы профилактика аясында ішкі істер органдарында 567 жасөспірім мен 503 қолайсыз отбасы есепке алынды. Қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталықтарына кәмелетке толмаған 843 бала жіберіліп, оларға қажетті әлеуметтік және психологиялық көмек көрсетіліп жатыр.

Спикердің айтуынша, ата-аналардың жауапкершілігіне ерекше назар аударылған. Балалары түнгі беймезгіл уақытта жүргені үшін 10 мыңнан астам ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Бұл – жазалау емес, профилактиканың маңызды элементі, балалардың қауіпсіздігі үшін ересектердің жауап беретінін қаперіне салып отырудың амалы дейді маман.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШ.



КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ –

прокуратураның басым бағыттарының бірі

Бизнесті заңсыз тексерістерден және кәсіпкерлердің конституциялық құқығын қорғау – прокуратура органдарының басым бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі қабылданып, кәсіпкерлік іс-шаралар бойынша бақылау нысаны өзгерді. Қазір мемлекеттік органдардың негізгі міндеті – бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау. Осыған байланысты мемлекеттік органдардың, оның ішінде прокуратураның жұмысы бизнеске келеңсіз жағдай туындатпау үшін кейбір мемлекеттік органдардың заңсыз әрекетінің жолын кесуге бағытталған.

Осы мақсатта кәсіпкерлерді қорғаудың және бизнесті дамытудың тиімді бағыттары әзірленді:

- бақылау және қадағалау органдарының бизнеске қысымын төмендету;
- қылмыстық, азаматтық және әкімшілік сот ісін жүргізуде кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;
- бизнесті дамытудағы әкімшілік кедергілерді жою.

Қазақстан Республикасы «Прокуратура туралы» Конституциялық заңының 4-бабына сәйкес, Прокуратура адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде қорғау, Қазақстан Республикасының аумағында заңдылықты қамтамасыз ету мақсатында мынадай міндеттерді:

- 1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделерін қорғауды және бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруді;

- 2) заңдылықтың бұзылуын, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, сондай-ақ олардың салдарларын анықтауды және жоюды;

- 3) құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқықтық тәртіпті және қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді;

- 4) Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде айқындалатын өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» Заңының 6 бабы 6, 12-1 тармақтарына сәйкес, Мемлекеттік құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алуды жүргізу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мақсатында уәкілетті орган: Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау, сондай-ақ қадағалау нысандарын тіркеуді жүзеге асырады және (немесе) есепке алуды жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік бақылау және қадағалау органдарымен бірігіп, олардың уәкілетті өкілдері бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыру кезінде:

Тексерістің қандай түрлері бар?

Бүгінгі күнде, Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (одан әрі – ҚР КК) 137-бабы 1, 2, 3-тармақтарына сәйкес, бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін бақылау:

- ұйымдастыру және жүргізу тәртібі осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын, алдын алу-профилактикалық сипаттағы профилактикалық бақылау;

- ұйымдастыру және жүргізу тәртібі осы Кодексте, ал осы Кодексте көзделген жағдайларда – Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында айқындалатын тексерулер;

- тергеп-тексеру нысанында жүзеге асырылады.

Профилактикалық бақылау мынадай түрлерге бөлінеді:

- бақылау мен қадағалау субъектісіне



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

(объектісіне) бармай профилактикалық бақылау;

- бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау;
- бақылау мақсатында сатып алу.

Тексерулер мынадай түрлерге бөлінеді:

- «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, берілген рұқсаттар бойынша біліктілік немесе рұқсат беру талаптарына, жіберілген хабарламалар бойынша талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер (бұдан әрі – талаптарға сәйкестігін тексеру);
- жоспардан тыс тексерулер.

Алматы қаласы бойынша 2025 жылдың өткен кезеңінде 12972 тексеру және 880 профилактикалық бақылау тіркелсе, оның 9016 тексеру және 442 профилактикалық бақылау жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты болды.

Оның ішінде жалпы жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты 8456 жоспардан тыс тексеру және талаптарға сәйкестігіне жүргізілетін тексерулер бойынша 38 тексеру болды.

Жалпы тіркелген тексерудің ішінде ірі кәсіпкерлікке – 1004, орта кәсіпкерлікке – 1512, шағын кәсіпкерлікке – 6500, оның ішінде микро кәсіпкерлікке – 4297 тексерулер жүргізілген.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментімен (бұдан әрі – Департамент) тексерулерді тіркеу кезінде 81 тексеру бойынша бас тарту құқығы қолданылып, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары қорғалды, оның ішінде 66 тексеру жеке кәсіпкерлік субъектісіне қатысты қолданылды.

Сонымен қатар, Департаментпен бақылау және қадағалау органдарымен тексеру субъектілеріне қатысты жүргізілген 455, оның ішінде бизнеске қатысты 335 заңсыз тексерулердің жолы кесіліп, бұзушылықтарға жол берген бақылау және қадағалау органдарының лауазымды тұлғалары тиісті жауапкершілікке тарту шаралары қолданылды.

Тексеру кезіндегі кәсіпкерлердің құқығы

ҚР КК 137-бабы 1-тармағына сәйкес, бақылау мен қадағалау субъектілері не олардың уәкілетті өкілдері бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыру кезінде:

- 1) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу үшін объектіге келген бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарын мынадай:

- бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) осы Кодекстің 141-бабына сәйкес бекітілген Қазақстан Республикасының нормативтік

құқықтық актілерінде көрсетілген талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүргізу жиілігі сақталмаған;

- бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіде (бар болған кезде мерзімді ұзарту туралы қосымша актіде) көрсетілген, осы Кодексте белгіленген мерзімдерге сәйкес келмейтін мерзімдер асып кеткен не өтіп кеткен;

- осы Кодекстің 144-бабы 5-тармағының 3), 4), 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көзделген жағдайларды қоспағанда, бақылау және қадағалау органы сол бір кезең ішінде сол бір мәселе бойынша өзіне бұрын бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізілген бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындаған;

- осы Кодекстің 141, 143-баптарында және 146-бабының 1-тармағында көзделген ақпарат пен құжаттар болмаған;

- жасалған не дайындалып жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызда немесе хабарда, жеке, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзушылықтар туралы өзге де жүгінімдерде көрсетілген уақыт аралығы шеңберінен шығатын кезең үшін бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексерулер тағайындалған;

- бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүргізу тиісті өкілеттіктері жоқ адамдарға тапсырылған;

- бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы бір актіде бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізілетін бірнеше бақылау мен қадағалау субъектісі көрсетілген;

- бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру мерзімдерін осы Кодексте белгіленген мерзімнен асыра ұзартқан;

- осы Кодекстің 156-бабының 2-тармағына сәйкес осы Кодекстің талаптары өрескел бұзылған жағдайларда бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

- 2) егер құжаттар мен мәліметтер бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы жүргізілетін профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің нысанына, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіде көрсетілген кезеңге жатпайтын болса, оларды ұсынбауға;

- 3) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіге, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексерудің нәтижелері туралы актіге, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылаудың және (немесе) тексерудің қорытындылары бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқамаға, сондай-ақ бақылау және қадағалау органдарының лауазымды адамдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) осы Кодексте және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

- 4) бақылау және қадағалау органдарының немесе лауазымды адамдардың бақылау мен қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) қызметін шектейтін, заңда негізделмеген тыйым салуларын орындамауға;

- 5) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді жүзеге асыру процесін, сондай-ақ лауазымды адамның бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру шеңберінде жасайтын жекелеген әрекеттерін лауазымды адамның қызметіне кедергі келтірмей, аудио- және бейнетехника құралдарының көмегімен тіркеуге;

- 6) өзінің мүдделері мен құқықтарын білдіру, сондай-ақ үшінші тұлғалардың осы тармақтың 5) тармақшаларында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы мақсатында үшінші тұлғаларды бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге қатысу үшін тартуға құқылы.

Кәсіпкерлер нені білуі қажет?

ҚР КК 147-бабы 1, 2-тармақтарына сәйкес, бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру үшін объектіге келген бақылау және қадағалау органының лауазымды адамдары бақылау мен қадағалау субъектісіне:

- егер осы Кодексте өзгеше көзделмесе, құқықтық статистика және арнаулы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелгені туралы белгі қойылған бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні;

- қызметтік куәлігін не сәйкестендіру картасын;

- қажет болған кезде – құзыретті органның режимдік объектілерге баруға арналған рұқсатын;

- денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілген, объектілерге бару үшін қажет болатын медициналық рұқсаттаманы көрсетуге міндетті.

Бақылау мен қадағалау субъектісіне (заңды тұлғаның басшысына не оның уәкілетті адамына, жеке тұлғаға) бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауды және (немесе) тексеруді тағайындау туралы актіні табыс ету, сондай-ақ бақылау мен қадағалау субъектісін бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылауға және (немесе) тексеруге жататын талаптардың тармақтарын көрсете отырып, тексеру парағымен (ол болған кезде) табыстыру күні бақылау мен қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізудің басталуы деп есептеледі.

Тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілмеген, сондай-ақ тексеруге тиісті өкілеттіктері жоқ адамдар тексеру жүргізуге құқықтары жоқ.

**А.Б.МҰСАБЕКОВ,
ҚР БП Комитетінің Алматы қаласы
бойынша департаменті бөлімінің
аға прокуроры.**



ҚОШ, АЛАШТЫҢ АСАНӘЛІСІ...

Қазақ өнері қара жамылды. Айтулы сахна саңлағы, кешегі Қаллекилер мен Елубайлардың соңғы тұяғы, сары алтындардың сарқыты – Асанәлі Әшімов өмірден өтті. Осылайша 2025 жылдың 21 желтоқсанында қазақ театры мен киносының тұтас бір дәуірі аяқталды.

Қазақ КСР және КСРО Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов дүниеден өткенін бүкіл қазақ даласы қайғырып қабылдады. Қазақ халқы батыр «Бекежанынан» айырылды. Қаралы хабардан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Асанәлі Әшімов бүкіл саналы ғұмырын театр және кино саласына арнап, төл мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосты. Ол көптеген образдарды шебер сомдап, көрермен қауымның ыстық ықыласына бөленді. Сахна саңлағы әрі кәсіби киногер ретінде соңына өшпес із қалдырды. Жас өнерпаздарға бағыт-бағдар беріп, рухани сабақтастықтың сақталуына зор еңбек сіңірді. Өрелі өнердің туын биік ұстап, өнегелі ғұмыр кешкен Асанәлі Әшімовтің жарқын бейнесі халқымыздың жүрегінде сақталады», – делінген Президенттің жеделхатында.

Асанәлі Әшімов 1937 жылы Жамбыл облысы Сарысу ауданының Жайылма

ауылында дүниеге келді. Өнер көгіне жасынан қанат ұштаған талант иесі ауыл мектебінде жүріп-ақ шағын қойылымдарға қатысып, алғашқы сахналық тәжірибесін жинады. 1961 жылы Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясы жанындағы Театр факультетін тәмамдап, «Қазақфильм» киностудиясына қызметке тұрған. Кейін М.О.Әуезов атындағы Қазақ драма театрына ауысты. Дәл осы уақыттарда дүбірге толы өнер додасында дүлдүл шабысымен сахнаға көтеріліп, өзінің ерекше стилін көрсете бастады.

Асанәлі Әшімов театр сахнасында шамамен 50-ге жуық рөлді сомдаған. Қайталанбас талант иесі сахнада тек актер емес, әрбір кейіпкердің ішкі логикасын жеткізетін дара тұлға болды. Ол қазақ киносының алтын қорына енген «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «ТрансСібір экспресі», «Шоқан Уәлиханов», «Сіз кімсіз, Ка мырза?» сияқты фильмдерге түсті. Туа бітті өнер иесінің басты ерекшелігі – кадрда артық қимыл мен эмоцияға жол бермей, тек кейіпкердің ішкі логикасын жеткізе білетіндігі еді.

Режиссерлердің айтуынша, кадрға түскенде Әшімов өзіне ғана емес, оқиғаға жауапты болатын. Түсірілімнің әрбір процесін терең сезінетінін онымен істес болған талай режиссер аңыз қылып айтып өтті. Жарық дұрыс қойылмай қалған бір түсірілім сәтінде оның «Жарық емес, көңіл дұрыс емес» деген бір ғана сөзі шығармашылық үрдісті бірден басқа арнаға бұрып, сәттілікке қарай бастай жөнелгені бар-тын. Нағыз актердің камера алдындағы кәсібилігі мен жауапкершілігін айқындап берген мұндай



мысалдар абыз Асанәлінің өмірінен кейінгі буынға талай мәрте сабақ болып қалды. Өзінің бай тәжірибесін Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында еңбек ете жүріп, шәкірттеріне үйретті. Оларды кәсіби театр және кино шеберлігіне жетілдірді. Оның өнердегі шәкірттері «Әшімов қысқа, нақты ескерту берсе болды, бүкіл оқу процесі нәтижелі болатын еді» деп еске алатын. Өнердің бір дәуіріне өкілдік еткен алып

тұлғаның қазасына қайғыра азанама арнаған жұрттың есебі жоқ. Бәрі де бір ғұмырдың ғана сөнбегенін, тұтас бір дәуірдің көшкенін айтып жатыр. Әрі қабырғалы елдің қайғысына көңіл айтып, жылы сөз арнады. «Алматы ақшамы» редакциясы да күллі Алаш жұртының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның жаны жәннатта, топырағы торқа болсын. Артындағы еліне сабыр мен береке берсін.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ТОҚАШБАЕВ, жазушы-публицист:

«ЖАЙҚАЛҒАН ТУЫҢ ЖЫҒЫЛМАЙ ЖАҚСЫ ӨЛІПСІҢ ЯПЫРМАЙ...»

Ұлттық кино және театр өнерінің айтулы абызы Асекең (Асанәлі Әшімов) дүниеден өткені жайлы хабар қабырғамызды қайыстырып жіберді. Жымия күліп құшақтап: «Әй, Тоқашбаев, амансың ба?» деген қоңыр үні құлағымда қалыпты. Ортамызда жүргенде Алатаудай асқақ көрінетін. Қимайтын ғажап жан еді. Қимасақ та тап осы жерде інісі Оспан қаза болғанда хакім Абай айтатын: «Жайнаған туың жығылмай... Жажсы өліпсің япырмай» дейтіні көкейге орала береді. «Тозбайтын темір жоқ, озбайтын өмір жоқ» демекші, Алланың еркіне кім қарсы тұрар. Асекеңнің шығармашылық өмірі бір басқа, адами өмірі бір басқа. 88 жас жасап, өмірдің ащы-тұщысын түгел көрген адам үшін бұл бақытты ғұмыр деп ойлаймын. Әйтсе де, еліміздегі атақ-абыройдың бәріне дерлік ие болған адамның тағдыр жолы оңай болған жоқ.

Асекең шын мәнінде миф-аңыздардағы бірнеше рет өртеніп, бірнеше рет күлден қайта тірілген феникс құсы тәрізді тағдыры күрделі тұлға еді. Әйгілі актер 56 жасында (1993 ж.) жұбайы Майрадан, 62 жасында (1999 ж.) бірінен кейін бірі азамат болған қос ұланы

Мәди мен Сағидан мәңгілікке көз жазып қалды. Тағдырдың мұндай соққысынан майысса да сынбау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Қайғыдан қан жылаған, оңаша бөлмеде бөрідей ұлыған кездері болды. Асекең соның бәріне көнді, шыдады. Бір Жаратушысы бар екеніне көңілі сенді. Алланың бергеніне де, алғанына да разы болды.

Сөйтіп, отыз ұлынан бір күнде айырылған Дәуіт пайғамбардай сабыр ете жүріп өмірді қайтадан бастады. Оның бағына қазақтың Бағдат сияқты өнегелі қызы жолықты. Екеуінің атын әдейі Асанәлі Әшімов деп қойған перзентінің өзі қазір 18-де. Енді Алла осы Асанәлімізге ұзақ өмір берсін. Қосағына қалтқысыз қызмет еткен сүйікті жар, сүйкімді ана болған Бағдат жеңгемізге шын көңілден алғысымыз шексіз. Әрі өзіне де, өнер сүйген қалың қауымға да, әріптестері мен шәкірттеріне де қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұм Асекеңнің иманы саламат болсын.

Қазақ халқы аман болса әлі де талай өнер тұлғалары өмірге келіп, ұлтына Асекеңдей қызмет етері анық. Қазақ киносының мэтрі, ұлттық мәдениет пен өнердің асқар тауына айналып, бір дәуірдің рухын арқалап өткен алып тұлға Асанәлі ағамыз да пәниден бақиға бет бұрды. Мыңдаған адамның жүрегінде із қалдырған ұлы актердің кетуі өлімнің ақиқат екенін түсінетін саналы жанның бәрін сең соққандай етті...

Бекжан ТҰРЫС, актер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

ҚАЗАҚ РУХЫНЫҢ БИІК БЕЙНЕСІ ЕДІ...

Мынау мазасыз дүниеде безгек тигендей селкілдеп қалдық. Жүрек сыздағанымен, жан мұздағанымен, ажалға қарсы амалымыз жоқ. Қазақ киносының «Алтын қорына» өлмес рөлдер мен шеберлік үлгісін қалдырған Асанәлі ағамыз өзінің өнері арқылы қазақ халқын әлемге танытты. Оның әрбір рөлі – сахна мен экрандағы шынайы адам тағдыры, қазақ рухының биік бейнесі еді. Өзіне тән өнері мен шеберлігі арқылы ұлттық мәдениеттің қандай болатынын ұқтыра алды.

Көзі тірісінде аты аңызға айналған Асанәлі ағаның өнері – ұрпақтан-ұрпаққа жететін баға жетпес мұра. Өз дәуірін қапсыра «құшақтаған» күйі әрбір ойлы көрерменнің жүрегінің төрінде сақталады. Қайталанбас өнерімен, тағдыры тарту еткен теперішін көтере алғанымен қазақтың есінде қалады. «Көреміз» бағдарламасының түсірілімінде бір апта бұрын ғана болып едік. Сонда: «Ана «Жармақты» барлық жерде қоюың керек. Сен өзіңді дәлелдеп келесің ғой», – деген еді... Мақтау сөзді орынсыз айта бермейтін ағаның ризашылық білдіргені деп қабылдағам. Бәлкім, аманаты... Рухыңыз шат болсын, аға.

ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының атауын өзгерту туралы» 2025 жылғы 20 қарашадағы №4/752 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының атауын өзгерту туралы» 2025 жылғы 20 қарашадағы № 4/752 қаулысына келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар

көлігін ұйымдастыру басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы паркинг» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Жарғысындағы:

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) коммуналдық ақылы тұрақ қызметтеріне сұранысты қанағаттандыру және коммуналдық тұрақтардың тиімді және сапалы жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

2) тұрақ кеңістігін басқарудың бірыңғай цифрлық жүйесін құру арқылы коммуналдық ақылы тұрақ саласында ашықтықты арттыру;

3) көше-жол желісінің өткізу қабілетін ұлғайту және қоршаған ортаның ластану деңгейін төмендету;

4) әртүрлі көлік түрлері үшін жаңа тұрақ орындарын анықтау арқылы қаланың

бірыңғай тұрақ кеңістігін ұйымдастыру мен дамытуды, сондай-ақ көше-жол желісін оңтайландыру және көлік жүктемесін азайту мақсатында тұрақ кеңістігін ұтымды пайдалану мен ақы төлеуді бақылауды қамтамасыз ететін тұрақ орындарын басқарудың автоматтандырылған жүйесін пайдалануды және жетілдіруді қамтамасыз ету;

5) тұрақ орындары мен тұрақтарда электр көліктерін зарядтау үшін электр зарядтау станцияларының инфрақұрылымын дамыту;

6) көше-жол инфрақұрылым ұтымды пайдалану үшін жол қозғалысын реттеуге жәрдемесу;

7) қоғамдық қауіпсіздікті және ұсталған көлік құралдарын арнайы алаңдарда немесе тұрақтарда сақтау үшін оларды жеткізу (эвакуациялау) процесін үздіксіз ұйымдастыруды қамтамасыз ету»;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 41. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 2 295 318 582,70 (екі миллиард екі жүз тоқсан бес миллион үш жүз он сегіз мың бес жүз сексен екі) теңге, 70 тиынды құрайды»;

2. Алматы қаласы Жол қозғалысы және жолаушылар көлігін ұйымдастыру басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Кәсіпорынның тіркеуші органда мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Д.САТЫБАЛДЫ



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 22 желтоқсандағы №4/675-1585 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес «Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 15 қазандағы №44.3-44.06/4216-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Индустриалдық аймақтың аумағын кеңейту үшін, Алматы қаласы Алатау ауданы «Алғабас» шағынауданында орналасқан 37 (отыз жеті) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
- Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

- заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
- жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 22 желтоқсандағы
№4/675-1585 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

P/c №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«АЛАТАУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:051	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/16 учаске	36,8000
2.	Алдажаров Ильяс Турарбекович	20:321:066:197	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі 136/15 учаске	36,8000
3.	Кокшебаев Кайрат Турдахунович	20:321:066:217	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі 136/14 учаске	18,5600
4.	Моисеев Евгений Юрьевич	20:321:066:206	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/13 учаске	13,6600
5.	Салыкпаев Ерлик Анарбекович	20:321:066:207	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/9 учаске	1,9711
6.	Малявин Олег Иванович	20:321:066:208	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/12 учаске	12,9000
7.	Смак Ербол Турарбекұлы	20:321:066:195	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/10 учаске	4,4800
8.	Уйкасбаева Майгуль Кабылжановна, Паначев Александр Алексеевич, Алыева Фаузия Каимовна, Кибирова Асия Мухамбетжановна, Кибиров Рахматулла, Парахневич Татьяна Александровна, Дюсембеков Битымбай Төлегенович, Буханцев Александр Иванович, Буханцева Александра Николаевна, Иванова Нина Ивановна, Пивоварова Анастасия Дмитриевна, Джурмий Владимир Николаевич	20:321:066:249	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/7 учаске	9,2332
9.	Шакиров Адиль Аскарович	20:321:066:179	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/6 учаске	2,0000
10.	Кокшебаев Кайрат Турдахунович	20:321:066:180	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 136/5 учаске	4,0000
11.	«Алатау Жер Алматы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:013	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі 134/9 учаске	23,2400
12.	«АЛАТАУ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:017	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/11 учаске	2,6224
13.	Кадышева Динара Полатхановна, Кадышев Ербол Ерденович	20:321:067:059	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 168 учаске	45,0300
14.	Кокшебаев Кайрат Турдахунович	20:321:067:015	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/8 учаске	69,1000
15.	Кокчебаев Ержан Турдахунович	20:321:067:049	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/20 учаске	33,0600
16.	«Waste&Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:048	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/7 учаске	15,0000



ШЕШІМ

Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы АҚПАРАТ

Алматы қаласы мәслихатының 2025 жылғы 10 желтоқсандағы №268 шешімі Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің аталандық бақылау банкінің мемлекеттік тізілімінде электрондық түрде 2025 жылғы 17 желтоқсанда №218736 болып тіркелді.

ШЕШІМ

2025 жылғы 10 желтоқсандағы

№268

«Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

- «Алматы қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 30 қазандағы №497 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1656 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар:

көрсетілген шешімнің қосымшасында: реттік нөмірлері 11) және 12) жолдар алып тасталсын; реттік нөмірі 13) жол мынадай редакцияда жазылсын:

13) Жүйелі қызыл жегі «Ритуксимаб»

реттік нөмірі 43) жолы мынадай редакцияда жазылсын:

43) Кеңейтілген кардиомиопатия «Валсартан+сакубитрил»

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 75), 76), 77) жолдармен толықтырылсын:

75)	Жүйелі қызыл жегі	«Анифролумаб»
76)	Қысқа ішек синдромы	«Тедулгитид»
77)	Оптимикомпленеврит (Девик ауруы)	«Ритуксимаб»

- Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының төрағасы

М.Отыншиев

17.	«LADUXE» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:020	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 160 учаске	4,6000
18.	«Estate Group Limited» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:023	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 158 учаске	2,0000
19.	«Estate Group Limited» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:025	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 156 учаске	2,0000
20.	«Estate Group Limited» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:026	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 154 учаске	2,0000
21.	«Estate Group Limited» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:024	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 152 учаске	2,0000
22.	«Arin Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:022	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 150 учаске	2,0000
23.	Кокчебаев Ержан Турдахунович	20:321:067:027	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 148 учаске	14,7200
24.	«Алатау Жер Алматы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:029	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 162 учаске	4,0290
25.	Федоров Алексей Игоревич	20:321:067:057	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134А учаске	2,0000
26.	«Shaban Caia» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:058	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/6 учаске	2,0000
27.	Шабанхаджы Асланбей Османалиевич, Шабанхаджы Фируза Саидовна	20:321:067:028	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 146 учаске	6,5300
28.	Кокчебаев Ержан Турдахунович	20:321:067:030	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 144 учаске	14,4200
29.	«Солнечный остров» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:011	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/5 учаске	14,9800
30.	Боранбаева Айжан Курмановна, Боранбаев Ерлан Баймуратович	20:321:067:032	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/13 учаске	2,0900
31.	Карасу Лидия Тохировна, Карасу Тургай	20:321:067:036	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/14 учаске	3,8500
32.	Кокшебаев Кайрат Турдахунович	20:321:067:054	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/15 учаске	2,1167
33.	Сабыров Айдар Даненович,	20:321:067:055	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/22 учаске	0,4000
34.	Кокшебаев Кайрат Турдахунович	20:321:067:056	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/23 учаске	0,4343
35.	Кокебаева Нина	20:321:067:035	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/3 учаске	22,4003
36.	«Green Recycle» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:042	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/16 учаске	3,4570
37.	«Green Recycle» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20:321:067:041	«Алғабас» шағынауданы, 7 көшесі, 134/12 учаске	3,3412

Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 22 желтоқсандағы
№4/675-1586 қаулысы

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 11 қыркүйектегі №41.1-41.05/960-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

- Су құбыры және кәріздің сыртқы желілерін салу үшін, Константин Петрович Чупаченконың Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Труд» бағбандық серіктестігі, 38 мекенжайында орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-313-053-525), ауданы 0,0600 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты, жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару басталсын.
- Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2027 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.
- Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 603-кеңсе болып белгіленсін.
- Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
- Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
- «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

- заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскесінің меншік иесіне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
- мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
- Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Д.САТЫБАЛДЫ

ГАЗ ЖӘНЕ ОНЫ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

Тыйым салынады:

- пешті пайдалануға балаларды және өз ісіне жауап бере алмайтын, пешті пайдалану ережелерін білмейтін өзге адамдарды жақындатуға
- пеш қондырғыларына өз еркімен өзгеріс енгізуге және жөндеуге
- бекітілтіңтін ішкіртігін клапан батырмасына күштен тартуға, себебі бұл қауіпсіздік автоматикасын істен шығарып, қауіпті оқиғаларға себеп болады
- газ плиталарын үйді жылыту үшін қолдануға
- желкөз және желдетіш каналдар жабық тұрған кезде, қаланған кірпіштердің тұтастығы бұзылғанда, сылақ жарылғанда және мұржадан түтін тартпағанда пештерді пайдалануға
- газ жабдықтары орнатылған бөлмелерде ұйықтауға және демалуға
- жанарғынн өз еркімен бұзып, қайта орнатуға
- қолдан жасалған пештерді өз күшімен орнатуға, пайдалануға

Газ тұтыну жабдықтарын пайдалану кезінде газдан ажырату автоматикасымен табиғи және тұлшықтыру газдың шығуын сезетін сигнал берушілерді орнатыңыздар.



ЕСТЕН ШЫҒАРМАҢЫЗДАР!

Жарылыс немесе өртке себеп болған газ жабдықтарын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерін сақтамау іс барысындағы заң бойынша жауапкершілікке тартуға негіз болады!

ПӘТЕРДЕ ГАЗ ИІСІ СЕЗІЛСЕ:

- Жедел түрде барлық газ қрандарын жабу керек.
- Бөлмені желдету керек.
- Ашық отты, электр құралдарын пайдалануға тыйым салынады.
- 104 телефоны бойынша апат қызметін шақыру керек.

ТҮНШЫҚТЫРҒЫШ ГАЗБЕН УЛАНУ БЕЛГІЛЕРІ (СО көлемі)

0,08% Жөніл Бас ауру, тұншығу, бас айналу, кеуденің ауруы, құрғақ жөтел, жүректің айнуы, құсу, түрлі елестер, қан қысымының көтерілуі	0,32% дейін Орташа Қозғалудың қиындауы, естен тану	1,2% жоғары Ауыр Ауа жұтқаннан кейін естен тану, сиырдың тартылуы, тыныс алудың бұзылуы (адам 3 минутқа жетпей көз жұмады)
 - Дәрігер шақыру. - Дәрігер келгенге дейін: жөңіл ұланған жағдайда мүсәтір спиртін іскеітіп, кофе немесе қызыл шай ішіту керек. - Ұланған жағдайда далаға шығару керек. Еркін тыныстауға кедергі келтіретін киімді шешіп, жайлы жерге жатқызу керек. Қажет болса қолдан дем алдыру қажет.		

Алматы қалалық Ардагерлер кеңесі КСРО және Қазақ КСР Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері, Алматы қалалық Ардагерлер кеңесінің мүшесі

Асанәлі Әшімұлы ӘШІМОВТІҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:

тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактордың міндетін уақытша атқарушы –
Есхат БОЖАН
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШ

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

ГАЗЕТТІ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ШАҒЫМДАР БОЛСА...

«Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
8 777 078 53 48, 8 747 204 19 70
телефоны арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 11 152 дана (сейсенбі)

Кезекші редактор – Ернұр Рысбай

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy» -ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымына» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.

ҚОНАҚЖАЙ ҚАЛА

Қысқы туризмнің
қызған шағы

Шымбұлақ жаңа маусымын ашты

Іле Алатауының баурайы ақ көрпе жамылып, Алматының тау-курортында сырғанаудың қысқы маусымы ашылды. Қаламыздың ғана емес, тұтас елдің тартымды туристік келбетін айшықтайтын Шымбұлақ жаңа маусымда тәулігіне мыңдаған турист қабылдауға дайын.

Досбол
АТАЖАН

Бұл сұраққа қысқы маусымдағы жұмысты таныстыруға арналған баспасөз-туры барысында курорт қызметкерлері жауап берді.

Сервис пен инфрақұрылым

Баспасөз туры «Медеу» базалық станциясынан басталды. Қайта жаңғыртудан кейін мұнда сырғанау жабдықтарын жалға беру мен сақтаудың негізгі аймағы орналасқан. Жалға беру қызметінің супервайзері Мұслим Жұмаев қызмет көрсету «бір терезе» қағидатымен іске асатынын, ал локерлер саны екі есеге артқанын атап өтті.

– Қонақтар саны жыл сайын артып келеді, сондықтан басты міндетіміз – демалушылардың кезегі мен заттарды алуға кететін уақытты қысқарту. Негізгі жалға беру аймағы қазір «Медеу» станциясында орналасқан, ал «Шымбұлақ» станциясында кәсіби райдерлерге арналған локерлер мен жалға беру нүктесі жұмыс істейді. Бұл қарбалас уақытта қызмет көрсетуді жеделдетуге мүмкіндік береді. Тағы бір жақсы жаңалық – осы маусымда тау шаңғысы жабдықтары толық жаңартылды, – деді Мұслим Жұмаев.

Ал Клиенттік сервис және сапаны бақылау департаментінің басшысы Ольга Беляева 2025-2026 маусымында курортта сервисті цифрлық бақылау жүйесі енгізілгенін атап өтті. Қонақтар инфоорталықтарда, тау шаңғысы мен сноуборд мектебінде, сондай-ақ ку-

қаланың экономикасына жыл сайынғы үлес 300 млрд. теңге көлемінде кіріс әкеледі деп бағаланып отыр, – деді шаһар басшысы.

«Шымбұлақ» мектебінің бақылаушысы Ғазиз Омарбеков сырғанауға келетін адамдардың қауіпсіздік ережелерімен танысуы маңызды екенін атап өтті.

– Ең алдымен, сырғанауға алғаш рет келген қонақтарымыз қауіпсіздік ережелерімен танысып, сырғанауға трассаны дұрыс таңдауы керек. Шаңғы не сноубордты еркін қолданып үйренгенше, қиын жолдарға шығудың қажеті жоқ. Арнайы үйренуге арналған «Ақ қонжық» сынды аймақтарда бейімделіп, сосын ғана жоғарыға шыққан жөн. Одан бөлек, көбіне жастар бірінші келгенде сноубордпен келеді. Алайда,



рорттың сайтында орналасқан QR-кодтар арқылы өтініштер мен ұсыныстар қалдыра алады.

– Қонақтардың пікірін жинау мен талдау жұмысы автоматтандырылды. Бұл курорт қызметін объективті бағалауға, жетілдіруді қажет ететін тұстарымызды жедел анықтауға және қызмет сапасын жүйелі түрде күшейтуге мүмкіндік береді, – деді ол.

Жаңа маусымда санитарлық инфрақұрылымды дамытуға да ерекше көңіл бөлінген. Курорттың негізгі аймақтарында, соның ішінде 3200 метр биіктіктегі және адам көп шоғырланатын станцияларда дәретханалар жаңартылды.

Жаңа арқан жол

Орталық коммуникациялар қызметінің алаңындағы брифинг кезінде Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Шымбұлақ пен Ой-Қарағай курорттары аспалы жол арқылы біріктірілетінін айтты. Бұл трасса мен аспалы жолдарға шамадан тыс жүктеме түсіреді.

– Осы мәселелерді шешу үшін Шымбұлақ пен Ой-Қарағай курорттарын аспалы жол арқылы біріктіретін Алматы тау кластерін дамыту жобасы жүзеге асырылып жатыр. Жоба шетелдік туристер санын 1 млн. адамға дейін арттыруға мүмкіндік береді, ал

мен сырғанауды енді бастап жатқан адамдарға алдымен шаңғыны үйренуге кеңес беремін. Себебі, ол жеңілдеу, кейін шаңғы тебе алатын адамға сноубордты үйрену оңай болады, – деді ол.

Ғазиз Омарбеков шаңғыны балалар 3-4 жастан бастап, ал сноубордты 8 жастан бастап үйрене алатынын атап өтті. Оның айтуынша, ересек адамдар үшін жас шектеуі жоқ, тіпті мұнда 86 жастағы әже сырғанауды үйреніп, шаңғы тепкенін айтады.

Қонақтар санының артуы инженерлік жүйелерге түсетін жүктемені күшейтеді. Баспасөз туры барысында жаңартылған жасанды қар жасау жүйелері және аспалы жолдардың жұмысын көрсетілді. Бұл бағытта Шымбұлақ Еуропа, Азия және Латын Америкасындағы курорттарды басқаратын халықаралық PGI Management компаниясымен бірігіп жұмыс істейді.

– Туристер саны көбейген сайын сырғанау жолдарын дайындаудан бастап, аспалы жолдарды пайдалануға дейінгі барлық инженерлік және операциялық үдерістердің маңызы арта түседі. Мұндай жағдайда халықаралық тәжірибеге сүйену аса маңызды. PGI Management-пен серіктестік Шымбұлаққа жүйелерін әлемдік үздік стандарттармен салыстыра отырып қысқа әрі ұзақ мерзімді жетілдіру бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді, – деді PGI Management өкілі Роман Серра.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.